

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 230 (9548) || 1954 жылғы 20 ноябрь Сенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС КЕҢ ӨРІСТЕЛСІН

Еліміздің еңбекшілері ауыр индустрияны оған әрі өркендетудің, ауыл шаруашылығының және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өрге бастырудың, халықтың материалдық ал-ауқатын арттырудың партиямыз бен үкіметіміз белгілеп берген орасан зор программасын ойдағыдай жүзеге асыруда. Совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын халық шаруашылығының барлық саласында дерлік асқан зор табыстармен қарсы алумен атап өтті. Үстіміздегі жылы, әсіресе ауыл шаруашылығын өркендетуде орасан зор табыстарға қол жетті. Еліміздің қолхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің күнбе-күнгі қамқорлығына бөленген совет халқы бейбіт еңбекте жаңа зор табыстарға жетіп, сүйікті Отанымыздың экономикалық күш-қуатын барған сайын нығайта беруге зор сеніммен бел байлауда.

1955 жылға министрліктер белгілеген өнеркәсіп өндірісінің дәрежесіне көзірдің өзінде жеткен Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырған игілікті бастамасын бүкіл еліміздің еңбекшілері аса қанағаттанған сезіммен қарсы алды. Астананың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары мұндай игілікті бастаманы өздерінің нақты мүмкіндіктерін ескеріп, жылма-жылғы төзкірлеріне сүйене отырып өтерді. Олар өздерінің еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға жететін және осының негізінде бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын жалпы өнімнің көлемі жөнінде, сонымен қатар 1955 жылдың программасын негізгі номенклатура жөнінде мерзімінен бұрын орындайтын мүмкіншілігі бар екенін есептеп шығарды.

Москвалықтардың іс үлгісінің өзі ғана біздің өнеркәсібіміздің сарқылмас мол резервтерінің бар екенін айқын дәлелдейді. Сөз жоқ, мұндай мүмкіншіліктер мен резервтер біздің облысымыздың кәсіпорындарында да өз емес. Міндет — өндірістің осындай ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін қажырлылықпен ашып,

райтудың, оның сапасын жақсартып, өнімдік құнын кемітудің басты шаралары — жаңа техника мен технологияны өндіріске кеңінен енгізу, ішкі мүмкіншіліктерді тауып, іске қосуға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстар жасау, оларды өндірісте қолдану жөнінде тиісті шаралар белгілеп, жүзеге асырып отырылмайды.

Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау мүддесі ендігі жері мұндай кемшіліктерге жол бермей, күн сайын, ай сайын біржәлі өнімді жұмыс істеуді талап етеді. Сондықтан кәсіпорындарының басшылары, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары өндіріске басшылықты мейлінше жақсартып, бесінші бесжылдық тапсырмаларының барлық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Еңбек өнімділігін барынша арттыру өндірісті өркендетудің, өнім шығаруды ұлғайтудың, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың басты және шешуші шарты болып табылады. Бұл үшін ең алдымен әрбір кәсіпорнында жаңа техника мен озат технологиялық процестерді кеңінен енгізуге баса көңіл бөліп, ішкі мүмкіншіліктердің мол пайдаланылуына жетісу қажет.

Көзір облыс кәсіпорындарының коллективтері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөніндегі Москва қаласының озат кәсіпорындарының игілікті бастамасын қызу қуаттап, өздеріне жаңа ұлғайтылған міндеттемелер алуға. Кәсіпорындары жұмысшыларының, инженерлері мен техниктерінің бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы кең өріс алған социалистік жарысына жаңды басшылық жасау — кәсіпорындары партия ұйымдарының ең басты міндеті болып табылады. Партия ұйымдары социалистік жарысты тыңғылықты ұйымдастыру арқылы артта қалушыларды ілгері бастырып, олардың жұмыста таңдаулыларға теңелуін қамтамасыз етуге тиіс. Жалпай еңбек өрлеуін тұрызып, жоғары табыстарға жету үшін өндіріс озаттарының, жаңашылдарының жақсы іс өнегелерін, игілікті бастамаларын үнемі және кезінде қолдап, олардың жұмыс әдістерін көпшіліктің игілігіне барынша кең таратып отыру керек.

Халық судьялығы мен заседательдігіне кандидаттар ұсыну



Шағын двигательдер зауытында халық судьялары мен заседательдігіне кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыс болып өтті. СУРЕТТЕ: механикалық цехтың механигі Б. Любимов сөз алып, халық судьялығына кандидат ұсынып тұр.

Комсомол сайлау округінде

Жылу-энергия орталығының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері әсем безендірілген қызыл мүйіз үйіне лық толған. Олар халық судьялығы мен халық заседательдігіне кандидаттар ұсыныбақшы.

Сөз жылу цехының мастері Медведев жолдасқа берілді. Ол өзінің сөзінде Қазақ ССР Конституциясының 87-статьясы бойынша және ССР Одағының, одақтас және автономиялық республикалардың, сот құрылысы туралы заңның 22-статьясы бойынша халық соттары жалпыға бірдей тең және төте сайлау негізінде, дауысты жасырын беру жолымен үш жылға сайланатындығын айтты.

— Біз, — деді ол өзінің сөзінде, — № 20 комсомол сайлау округіне халық судьялығы мен халық заседательдігінің кандидаттарын ұсынығалы отырмыз. Мен халық

Озаттардың кандидаттары

Қаладағы шағын двигательдер зауытының коллективі еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту, өндіріс алаңдары мен құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану жолындағы социалистік жарысты әрқашан кеңінен өрістетіп, игі табыстарға не болып келеді. Ол Октябрь мерекесін өндірістің жаңа табыстармен қарсы алып, қаладағы озат кәсіпорындарының бірі болды.

Көзір завод коллективі Москва кәсіпорындарының патриоттық бастамасын қызу қуаттап, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындауда. Мәселен, қуау цехының коммунистері Брик. Файзеев жолдасар жұмыс істейтін бригада бұрын күніне 350-400 үлгі жасайтын болса, көзір оның көрсеткіші — 650—700. Заводта мұндай озат бригадалар көптеп

шының сайлауы туралы Ереже бойынша коллектив мүшелері халық соттарының құрамына кандидаттар ұсынуға правоты екенін хабарлады. Жыйналысқа қатысушылар бұл хабарды зор қуанышпен қарсы алды.

Заводтың юриконсультанты Қоқыбаев жолдас мінбеге келді.

— Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкіметі еліміздің экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету, халықтың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту беру жөніндегі өзінің даналық саясатын дәйектілікпен жүзеге асыруда. Мен бүкіл совет адамдары сыяқты, өзінің ерлікті өмірім, бақытты тұрмысым үшін ең алдымен партия мен үкіметтің қамқорлығына борыштымын, бұл борышымды сот билігіне таңдаулы адамдарды ұсынумен өтегім келеді.

Валентина Ивановна Галышкынаның есімі қала жұртшылығына мәлім. Ол жөп

Г. Смелов. — Өнім сапасын жақсарту береміз (2-бет).
ӨРБІР ФЕРМАДА МАЛ ЖАЙЛЫ КҮТІМГЕ АЛЫНСЫН:
Қ. Белгібаев. — Жан-жақты өзіндік. Е. Әбілмәжінов. — Мал өсірудің озаттары. Н. Камалова. — Ұйымшылдықпен кірісті (3-бет).

М. Учайкина. — Кітапхана жұмысын жақсарту береміз (3-бет).

Т. Үмбетов. — Қамқорлыққа алған мектеп (3-бет).

ТЕАТР: Қ. Асқаров. — «Шет аймақтағы үй» (3-бет).
Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының ашылуы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

М. И. Сищенко жолдасты атады

Адвокат Мария Ивановна Сищенко жолдас соңғы жылдары Булаев ауданындағы № 1 участонің халық сотында қызмет істеп келеді. Ол аудан жұртшылығының арасында социалистік заңдылықты кеңінен насихаттау арқылы жұртшылықтың құрметіне бөленді. Сондықтан Ұзынқол совхозының коллективі өзінің сайлау алдындағы жалпы жыйналысында халық судьялығына кандидаттыққа М. И. Сищенко жолдасын есімін бірауыздан атады.

— Адвокат Сищенко жолдас, — деді жұмысшылар комитетінің председатели Бақаев жолдас, — халық судьялығына лайықты кандидат. Ол Алматының екіжылдық заң мектебін бітіріп, ауданда адвокат болып қызмет еткені бірқатар уақыт болды. Сищенко жолдас сот процестерінде күрделі жұмыстарды шешуде өзінің кабинеттілігін көрсете білді. Ол халық судьясына қойылатын жоғары талаптың дәрежесінде бола алады.

Слесарь Болдаренко жолдас та Бақаев жолдасын ұсынысын қызу қуаттап сөз сөйледі.

— Совет Өкіметі жылдарында, — деді ол, — әйелдер ерлермен тең правоты болып өзіміздің әлеуметтік және саяси өміріне белсене қатысатын болды. Солардың бірі — Сищенко жолдас. Ол жұмысшылар мен қолхозшы шаруалар арасында жиі болып, олардың тілектері мен ұсыныстарына әрқашан құлақ асып келеді.

Жыйналыс № 2 Екаторин-өск сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп М. И. Сищенко жолдасы ұсыну жөнінде қаулы алды.

А. В. Гусинский жолдасты ұсынды

Булаев элеваторының жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы халық судьясының кандидаттығына сот жұмысында тәжірибесі мол, жоғары дәрежелі білімі бар, СОКП мүшесі Андрей Васильевич Гусинский жолдасын ұсынды. Жыйналыста сөз сөйлеген қойма мөңгерушісі Манзюк, агроном Лукьяченко, жұмысшы Куцонко және басқа жолдасар біздің елімізде халық сотының сайлауы

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының көзінгі қол жеткен табыстары өндірістің бай ішкі резервтерінің бар екендігін көрсетеді. Мысалы, қаладағы шойын құю-таразы заводының коллективі бесінші бесжылдықтың төрт жылдық программасын осы жылдың бірінші жартысында толық орындап шықты. Көзінді өзінде завод коллективі бесжылдықтың соңғы жылының есебіне екі миллион сомның өнімін берді. Вагон жөндеу депосы, темекі фабрикасы және басқа да алдыңғы қатарлы кәсіпорындары өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін табандылықпен ашып, іске қосудың, жаңа техника мен технологияны өндіріске батыл енгізудің, өнімді дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде өндірістік тапсырмаларды жыл сайын толық және артығымен орындап, өнім шығаруды үздіксіз ұлғайтуға жетісіп отыр.

Бірақ облыстың көптеген кәсіпорындарында істің жайы бұлай болмай отыр. Бірқатар кәсіпорындары өнім шығарудың белгіленген жоспарын ұзақ уақыт бойына орындай алмай, мемлекет алдында үлкен борышқа батуда. Облыстағы ірі кәсіпорындарының бірі — тігін фабрикасы, шикім фабрикасы, нан комбинаты, ет-консерв комбинаты және басқа да бірнеше кәсіпорындары өнім шығару жоспары мүлде қанағаттанғысыз орындап келеді.

Мұндай кәсіпорындарында артта қалушылықтың ең негізгі себебі — оларда өнім ұйымдастыру ісінің дұрыс жолға қойылмай, ішкі мүмкіншіліктердің, әсіресе техника қуатының нашар пайдаланылуында, жұмыстың прогрессивтік әдістерінің мейлінше сылбыр қолданылуында. Ал мұндай кемшіліктердің орын тебуінің себебі сол — кәсіпорындарының басшылары, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары өндіріс пен өнімді дұрыс ұйымдастыруға әлі күнге дейін жеткіліксіз басшылық жасайды, өнім шығаруды ұл-

ғаруды ұлғайтуда және оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуде жұмысшылардың техникалық және мәдени дәрежесін, өндірістік мамандығын арттырудың зор маңызы бар. Кәсіпорындардың басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары бұл мәселеге үнемі жете назар аударып, әрбір цехта, участка, сменда, бригаданда жұмысшылардың біржөлі өнімді өнімге етуіне қамқорлықты мықтап күшейтулері керек.

Әрбір кәсіпорында бесінші бесжылдық жоспардың барлық тапсырмалар бойынша мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарының үздік-создық жұмыс істеуі сыяқты зиянды әдетті тезінен жою қажет. Атап айту керек, облыс кәсіпорындарының көпшілігі айдың бірінші жартысында жұмысты айдың екінші жартысына дейін тәпті нашар істейді. Бұл жағдай кәсіпорындарында өнімділігінің төмендеуіне, өнім шығару жоспарының орындалмай қалуына, өнімде ақау жіберіліп, өнім сапасының нашарлауына, оның өзіндік құнының қымбаттауына әкеліп соғып жүр.

Облыста өнімділігін арттыруда, ішкі резервтерді тиімді пайдаланып, өнім шығаруды ұлғайтуда бай тәжірибеге ие болған озат кәсіпорындары аз емес. Партия ұйымдары мұндай бай тәжірибені өз кәсіпорындарында кеңінен қолдануы ұйымдастырып, осы арқылы өндірістік тапсырмалардың ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының игілікті бастамасын қызу қолдай отырып, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету өнім шығаруды барған сайын ұлғайтуға, өнімдердің әл-ауқатын бұрынғыдан да жақсартып, сүйікті Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайта беру ісіне келеді үлес қосуға мүмкіндік береді.

М. В. Серебряков жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

М. В. Серебряков жолдастың туранына 75 жыл, қоғамдық-саяси қызметіне 50 жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатысқаны ескеріліп, Михаил Васильевич Серебряков жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль 18 ноябрь 1954 жыл.

БІР АУДАНДА ТОҒЫЗ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

СТАВРОПОЛЬ, 18 ноябрь. (СОТА). Білік таулы Еленчук ауданында барлық елді жерлерді электрлендіру аяқталды.

Электр колхоздардың экономикасын өзгертті, егіншілердің тұрмысына берік енді. Тоғыз су электр станциясы аудан шаруашылықтарын қамтуда. Олардың ішіндегі ең ірі, біржөлі оралмалы жүйеге ұшастырылған Еленчук және Сторожев су электр станциялары колхоздардың мал шаруашылығы фермаларын, дүрмендерді, май заводтарын, мастерскойларды

электр қуатымен қамтамасыз етеді. Олардың әрқайсысында орта есеппен 30-ға жуық электр моторы бар.

Барлық ауыл шаруашылық артельдері бригадаларда тұрақты механикаландырылған қырмандар салды. Егін жыйнау кезінде оларға қосымша 6—10-нан астам электр моторлары қосылатын болады.

Көзір Ставропольдің ауыл шаруашылығында жеті мыңға жуық электр моторлары пайдаланылуда, бұл өткен жылдан бері екі есеге жуық артық.

мізге көптеп белгілі, қаладағы № 5 участкастық судьясы Иван Кузьмич Лобышев жолдасты ұсынамын.

Күрделі құрылыс бөлімінің бухгалтері Гахнер жолдас Медведов жолдастың ұсынған кандидатурасын қуаттап, сөз сөйледі. Халық судьялығына кандидаттыққа Иван Кузьмич Лобышевтің кандидатурасын жыйналыстарылар бірауыздан қабыл алды. Онан соң Гахнер жолдас завод коллективі жұмысшыларының атынан халық заседательдігін кандидаттығына өздерінің таңдаулы ұлдары мен қыздарын ұсынулары керектігін айтты. Гахнер жолдас халық заседательдігін кандидаттығына мастер П. Радчев және аға байланыс мастери Н. Кондратов, токарь А. Абрамов, моторшы Шершова жолдастар ұсынылды.

Завод жұмысшылары қажырлы еңбек етумен бірге елдіміздің саяси өміріне белсене қатысуда. № 16 Ленин сайлау округінің № 13 сайлау пунктінде осы заводтың орамына орналасқан. Бұнағы күні завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің халық судьялығы мен халық заседательдігіне кандидаттар ұсынуға арналған жалпы жыйналысы болды. Жыйналыс коллектив мүшелерінің социалистік заңдылықты онан әрі нығайту, коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жете беру ұранымен өтті.

Партия ұйымы бюросының секретары Гаушевков жолдас өзінің сөзінде Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығы арқасында социалистік Отанымыздың күш-қуаты нығайып отырғанын айтты. Мұнан кейін ол Қазақ ССР Конституциясы мен Қазақ ССР халық сотта-

жылдардан бері заң қызметкері болып істеп, социалистік заңдылықты қорғауда қажырлы еңбек етіп жүр. Сондықтан № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидаттыққа Валентина Ивановна Галыкина жолдастың есімін атаймын, оның кандидатурасын сайлаушылардың қуаттауына сенемін.

Жыйналыс Қоқыбаев жолдастың ұсынысын қызу қуаттап, № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп В. И. Галыкина жолдасты ұсыну жөнінде бірауыздан қаулы алды және оның дауысқа түсуі жөнінде ризалығын сұрады.

Осы сыяқты, завод коллективінің сайлау алдындағы жалпы жыйналысы халық заседательдігіне өндіріс озаттарын ұсынды. Олардың ішінде Р. Әженов және Р. А. Омельченко жолдастар бар.

бүкілхалықтық мереке ретінде, ССРО Конституциясының негізінде өтетінін айта келіп, А. В. Гусинский жолдастың халық сенімін ақтайтынын айтты. Гусинский жолдас көзін № 1 участкастық халық сотында судья болып істейді. Ол өзінің жұмысы жөнінде сайлаушылар алдында үнемі есеп беріп келеді. Гусинский жолдас алдағы уақытта да мемлекет мүддесін, халық мүддесін қорғауда табандылықпен қызмет етеді.

Элеватор жұмысшыларының жалпы жыйналысы № 1 Будаев сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп Андрей Васильевич Гусинский жолдасты ұсыну жөнінде бірауыздан қаулы алды. Сонымен қатар жыйналысқа қатысушылар Гусинский жолдасан жоғарыда аталған сайлау округі бойынша дауысқа түсуі жөнінде ризалығын сұрады.



Москвалықтардың шақыруымен

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты өрістетуге шақырған москвалықтардың үндеуі облыс кәсіпорындарында қызу талқыланып жатыр.

Георгиевканың конопля мен кенефтан тоқыма өнеркәсібіне арнап талшық жасайтын зауытында жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің жыйналысы болды.

—Біздің заводтың коллективі 1954 жылдың программасын 7 ноябрьге дейін орындады. Мен москвалықтардың бастамасын мақұлдаймын. Бұрынғыдан да жақсы еңбек етуге уәде беріл, смена сайын кемінде екі норма орындауға, шикізат үнемдеуге, тек қана жоғары сапалы өнім шығаруға міндеттелміз.


Мастерлер Клавдия Старожук, Ефросинья Синякова және басқалары көтеріңкі міндеттемелер алды.

Завод коллективі бесжылдықты 1955 жылдың 1-шіні майына дейін орындауды, өнімді өнімділігін бесжылдық тұсында 70 процент арттыруды ұйғарды.

ХАЛЫҚ СОТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның қалаларында, селоларында және ауылдарында халық соттарының сайлауына әзірлік өрістеді. Сайлау округтері ұйымдастырылды. Жергілікті Советтер сайлаушылардың тізімдерін жасауда.

Мынадай аса үгішні Өскемен, Лениногор, Бұхтарма, Күршім; облыстың басқа да аудандарының сайлаушылары арқасында үгіт жұмысын жүргізуде саяси және ғылыми білімдер тарататын Қоғамның облыстық бөлімшесі сайлау науқаны кезінде үгіт пункттерінде оқуға арналған лекциялар циклін белгіледі.



Ақтобе облысындағы Мартөк МТС-інде тың жерлерді игеруге келген механизаторлар үшін стандартты жаңа тұрғын үйлер салынған. СУРЕТТЕ: механизаторларға арналған жаңа тұрғын үй. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты кеңінен өрістетейік

Семей кеншілерінің уәдесі

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған Москва кәсіпорындары коллективтерінің патриоттық бастамасына Семей еңбекшілері қызу үн қосты. Володарский атындағы тігін фабрикасында москвалықтардың үндеуіне арналған жыйналыс болды. Кәсіпорының бас инженері Альтер жолдас сөз алды.

—Біздің фабрикамыз,—деді ол,—жылы кім тігеді. Оның көпшілік бөлегі

тың және тынайған жерлер игерілетін аудандарға жөнелтіледі. Бес жылдықты алғашқы жылымен салыстырғанда біз өнім шығаруды 70 проценттей арттырдық. Москвалықтардың шақыруына еңбек өнімділігін онан әрі арттырумызға жауап береміз.

Трибунаға озат жұмысшы Токунова шықты. Ол былай деді:

—Мен бесінші бесжылдықтың басына бері сегіз жылдық норма орындадым, көздейді.

Озат колхоздың болашағы

БӨРЛІ (Батыс Қазақстан облысы), (ҚазТАГ). Бөрлі ауданының Киров атындағы колхозы бөліне 4 мың гектардан аса тың жер игерді. Жаңа жерлердегі дөңді дақылдардан жоғары өнім өсірілді. Мал шаруашылығын өркендетудің жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Колхоз быйыл біржарым миллион сом табыс алады. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының егіншілік институты мен мал шаруашылығының Батыс Қазақстандағы тәжірибе станциясы ғалымдарының көмегімен колхоз басқармасы қоғамдық шаруашылықты өркендетудің перспективтік бесжылдық жоспарын жасады.

Жоспар жаңа жерлер игеруді онан әрі жүргізуді және астықтың жалпы түсімін 1960 жылға дейін үш есе арттыруды көздейді. Картоп егісінің көлемі бесжылдықта бес есе, оясы және бақша дақылдарының егіс көлемі екі есе ұлғаяды. 1955 жылы төрт егіндік, үш ферма лар жанындағы, өс шықты және шалғын жайылымдық ауылшаруашылық егістер енгізілетін болады. Мұнда сыйыр малының санын біржарым мыңға дейін жеткізу белгіленді, 600 сыйыр жыл толуіне қарағанда күтуге көшіріледі. Колхоздағы тоғандар мен суқоймалар 200 гектардан аса жер алады. Бұл—қаз бен үйректің санын 2.000-ға дейін көбейтуге, балық шаруашылығымен шұғылдануға мүмкіндік береді. Шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту, малазықтық шөптер мен сүрленетін дақылдардың егіс көлемін мықтап арттыру жолымен мал шаруашылығының жемістік базасы жасалады. Біржылдық шөптердің егіс көлемі бес жыл ішінде он есе ұлғайту белгіленген.

Перспективтік жоспар 1960 жылы колхоздың 8 миллион сом табыс алып, әрбір еңбеккүнге 20 сомнан ақша беруін көздейді.

Колхоздарда еңбек тәртібін нығайту—табыс кепілі

Еңбек дұрыс ұйымдастырылды

Колхозымызда бес ферма бар. Олардың ішінде жылқы, қой, шошақ, құс фермалары бақташылармен және мал шаруашылығы мамандарымен толық қамтамасыз етілді. Бұл фермаларда жыл басынан бері еңбек ұйымдастыру ісі жақсы жүргізіліп келеді.

Ал сыйыр фермасындағы жағдай көп уақытқа дейін бұған жерісінше болды. Ферма меңгерушісі болып істеген Г. Степанов жолдас фермадағы малшылар арасында еңбек тәртібін жолға қоя алмады. Фермаға басшылық ету орнына, мәжбүрлікке салынды.

Оның үстіне фермаға туыстарын, көндестерін жыйнады. Ондағы мақсаты жұмыстағы кемшіліктерді, өзінің сорақы мінездерін жасыру еді. Осы мақсатпен есепшілікке жиіні Н. Москаленконы орналастырды. Москаленко Степановты арқа тұтып, өз білегін істеді. Мал бағушыларға дерекі мінездер көрсетті. Фермадағы есеп-қыйсап жұмыстарын дұрыс жүргізбеді.

Москаленко сауыншы Анна Грязноваға еңбеккүнді орысыз артық жазып отырды. Мәселен, жуықта Анна Грязнова жолдас ешқандай себепсіз үш күндей сыйыр сауады. Солай бола тұрса да, Москаленко оның еңбек табеліне еңбеккүн мөлшерін тіпті нормадағыдан да артық жазды. Оның керісінше, сауыншы Люба Бутакова жолдас сыйырларды үздіксіз сауып, көп сүт алса да оған тиісті 30 еңбеккүнді табелге мүлдем жазбай қойған. Ол-ол ма, Москаленко кейбіреулердің орын даған жұмыстарын өз көзімен көрмей, сырттан шамалап жаза беруді әдетке айналдырған.

Колхоз басқармасы бұл жағдайға төзе алмады. Өз ісіне немқұрайды қарап, жауапсыздыққа салынғаны, көптеген кемшіліктерге жол бергені үшін Г. Степановты, есеп-қыйсап жұмыстарын бүлдүргені үшін Н. Москаленконы орнынан алды. Сөйтіп, партия ұйымымен келісе отырып, бұл ферманың меңгерушілігіне коммунист И. Борисов, есепшілікке комсомолец М. Айболатов жолдасарды тағайындады.

Көзір фермада еңбек тәртібі қатаң сақталады. Өрбір малы өз ісіне жауапкершілік сезіммен қарайды. Есеп-қыйсап жұмысы жолға қойылды. Бұрынғыдай емес, еңбеккүн әркімнің істеген жұмысына қарай дұрыс жазылатын болды. Бұл фактілер колхозшылардың еңбекке деген ынталылығын арттырды.

Бұл күндері сауыншы Вера Бутакова жолдас сыйыр саууда айтарлықтай табыстарға ие болып жүр. Ол өзінің қарауындағы 12 сыйырдың әрқайсысынан жеспар бойынша 1670 литрден сүт сауудың орнына, 1880 литрден сүт сауды. Оның бұл еңбегіне 736 еңбеккүн жазылды. Колхоз басқармасы оған қосымша ақыл ретінде 500 литр сүт берді.

... Жергілікті партия және совет органдары... колхоздарда іс жүргізудегі ұқыпсыздықты жоюдың шараларын істеп отыруға, еңбек ұйымдастыру ісінің жақсартылып, еңбек тәртібін нығайтуға, барлық колхозшылардың қоғамдық өндіріске белсене қатысуын қамтамасыз етіп отыруға міндеттелін.

(СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан).

Еңбек тәртібін нығайту—аса маңызды міндет

Колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетіп, оның экономикасын нығайта беру көп жағдайда берік еңбек тәртібінің болуына, еңбекті ұйымдастыру ісінің жақсаруына байланысты. Еңбекті ұйымдастыру ісі дұрыс жолға қойылған, еңбек тәртібін нығайту жөнінде ауылшаруашылық артеді Уставының принциптері қалтқысыз жүзеге асырылған жерде барлық колхозшылардың еңбекке деген творчестволық белсенділігі артады, тапсырылған іске олардың жауаптылығы күшейеді.

Біздің колхоздың мүшелері партиямыз бен үкметіміз алға қойып отырған шұғыл міндеттерді шешу жолындағы жүресте жанамай еңбек етіп келеді. Олар колхозымызда бар мүмкіншіліктер мен сарқылмас мол резервтерді тиімді пайдалана отырып, шаруашылықтың барлық салаларының табысын арттыра түсеуде.

Сөзімізді дәлелдеу үшін мынадай мысалдарды келтірейік. Быйыл колхозда жалпы егіс көлемі өткен жылғыдан мың гектар ұлғайтылды. Көйтөмеде 800 гектардан астам тың жер игеріліп, оған жаздық бидай егілді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан көктемгі егіс, егін жыйнау, астық дайындау жұмыстары қысқа мерзімде, жоғары сапада өткізілді. Осының негізінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімді мол алдық. Мәселен, Лыто жолдас басқарған егіс бригадасының мүшелері 305 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 19 центнерден, Литвиненко жолдас басқарған егіс бригадасы 140 гектар бидайдың әрбір гектарынан 18,4 центнер өнім жыйнады. Басқа участоктерден алынған өнімдер өткен жылғыдан едәуір жоғары болды. Мұның өзі мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жөніндегі жоспарды толық орындауымызға, келесі жылдың егістері үшін тұқымды жеткілікті мөлшерде құюмызға, мал үшін дәнді азық қорын мол жасауымызға, сөз сыйақты колхозшылардың еңбеккүндеріне астықты көп беруге жағдай жасады.

Колхозшылар мал шаруашылығын өркендету күресіне белсене қатыса отырып, мал басын едәуір көбейтті, мал шаруашылығының өнімдерін арттырды. Быйыл біз мемлекетке тек астықты ғана емес, сүтті, етті, жүнді, тағы басқа мал шаруашылығы өнімдерін өткен жылғыдан көп бердік. Міндетті түрде ет, сүт тапсыру жоспарын орындағаннан кейін мемлекетке 150 центнер ет, 265 центнер

ның өсуіне жағдай жасап отыр. Үстіміздегі жылы екі жүз, бір жеңіл автомашина, 20 арба, жылжымалы электр станция, тағы басқа құрал-саймандар сатып алдық.

Міне, мұның бәрі өздігінен келген табыс емес. Бұл еңалдымен колхозда еңбек тәртібінің нығайтылуының, соның негізінде колхозшылардың еңбекке деген белсенділігі, инициативасы артуының нәтижесі.

Біз быйыл жыл басында әрбір егіс бригадалардың, фермалардың атқаратын жұмыстарын белгіледік. Осыған байланысты бригадалар мен фермаларға колхозшыларды бөліп бекіттік. Ал бригада мен ферма ішінде колхозшылар нақтылы жұмыс салаларына бекітілді. Жыл ішінде еңбекті ұйымдастырудың бұл тәртібін бұзбауға назар аударылып келеді. Сонымен бірге, әрбір колхозшының өзіне тапсырылған жұмысқа саналы, жауапты қарауы қатаң талап етілуде. Олардың қоғамдық еңбекке толық қатысуына жағдай жасалды. Жас баласы бар колхозшы әйелдерді жұмысқа қатыстыру мақсатымен балалар ясли ұйымдастырылды. Дала жұмыстары кезінде колхозшылар жақсы жабықталған вагоншалармен, асханамен, мәдени-тұрмыстық қажеттермен қамтамасыз етілді.

Колхозшылардың жалпы жыйналыстарында еңбек тәртібін нығайту мәселесі жиі қаралады. Мұнда колхозшыларымыз еңбекке қатыспайтын, немесе тапсырылған іске немқетті қарайтын жеке теген адамдарды батыл сынға алады, колхоздың ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес тиісті шаара қолданады.

Міне, осылардың нәтижесінде колхозда барлық еңбекке жарайтын колхозшылар үшін міндетті еңбеккүн минимумын тапшырлар саны жыл сайын азайып келеді. Егер өткен жылы еңбеккүн минимумын тапшаған 6 колхозшы болса, быйыл ондай бір де колхозшы жоқ.

Колхозда социалистік еңбек тәртібін нығайту—ауыл шаруашылығының барлық салаларында жаңа табыстарға жетудің маңызды бір парасы болып табылады. Сондықтан да біз колхозды басқару ісінің демократиялық негіздерін берік сақтау, колхоз басқармасының ролін күшейту, колхозшыларды еңбекке саналы қарауға тәрбиелеу, олардың қоғамдық еңбекке толық және белсене қатысуына қамқорлық жасау арқылы еңбек тәртібін

Колхозшылардың еңбектегі белсенділігі артуда

Өндірістік бригада—колхоз шаруашылығын өркендету күресіндегі негізгі тұлға. Өйткені колхоздағы бүкіл шаруашылық жұмыстар осы бригадалар арқылы жүргізіледі. Сондықтан колхоздың экономикасын нығайта беру үшін алдымен өндіріс бригадалары өздерінің өндірістік тапсырмаларын мерзімінде және жоғары сапада орындауға жетісулері қажет. Ал бұл үшін бригада ішінде еңбек тәртібін нығайту, колхозшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру, олардың еңбектегі белсенділігін, инициативасын арттыра беретін шараларды мұқият жүзеге асыру, тапсырылған әрбір істің жайы үшін бригада мүшелерінің жауаптылығын күшейту керек.

Біздің № 2 егіс бригадасында ұйымдастыру ісі, міне осы тұрғыдан жүргізіліп келеді. Бізде быйыл бригаданың бүкіл жыл ішінде істейтін жұмыстары жылдың басында жоспарланды. Сонымен бірге, бригадаға берілген тапсырмалардың көлеміне қарай, оның қамтуына колхозшылар бекітіліп берілді. Бригада ішінде колхозшылар әрбір жұмыстың саласына тағайындалды және осы жұмыс толық аяқталғанға дейін оларды басқа жұмыстарға ауыстырмау тәртібін қалтқысыз жүзеге асырдық. Сондай-ақ олардың өзіне тапсырылған жұмысты саналы атқаруын қадағалап отырдық. Бригада мүшелерінің өзіне бекітіліп берілген міндеттерді күтуге, құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға және тиімді пайдалануға жауаптылығын арттырып отырдық. Бригаданың өндірістік жыйналыстарында жұмыстың барысына қорытынды жасап отыру әдетке айналды.

Осылардың нәтижесінде бригадаға берілген өндірістік тапсырмалар ойдағыдай орындалуда. Біздің бригада үстіміздегі жылы Чапаев атындағы МТС-тің Юдаков жолдас басқарған трактор бригадасымен бірлесіп жұмыс істеді. Колхозшылар мен механизаторлардың қаажырлы еңбегі нәтижесінде бригада бойынша келесі жылдың егісі үшін шар мен зыб әзірлеу жоспары мерзімінде және жоғары сапада орындалды. Қоғамдық малға жемшөп мол дайындалды.

Бригадада өндірістік жұмыстарға үздіксіз қатысатын және өз ісіне ұқыптылықпен қарайтын колхозшылар көптеп саналады. Мәселен, Е. Юдин, В. Плотникова, Р. Брудер, А. Юдина, А. Сәрсенбаев жолдасар жөнінде осыны айтуға болады. Бұлардың әрқайсысы үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде 500-ден 900-ге дейін еңбек күн тапты. Бригадада міндетті еңбеккүн минимумын тапшаған бірде-бір колхозшы жоқ.

Бригада мүшелерін тұрақты бір жұмысқа тағайындау, олардың іске жауаптылығын күшейтін қана қойған жоқ, сонымен бірге колхозшылардың саналылығын, бригадирдің үнемі хабарлап отыруын күтпей-ақ жұмысқа уақытылы шығуына

Мемлекет қаржысын үнемдеп жұмсайық

Мемлекет қаржысын үнемдеп жұмсау—барлық мекемелердің, заводтар мен фабрикалардың, кәсіпшілік артеделерінің шаруашылығын нығайтып, өнімді көп және саналы шығаруға қолайлы жағдай тұрғызады. Сондықтан да партиямыз бен үкметіміз мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсауға зор көңіл бөліп келеді. ССРО Министрлер Советі мемлекет қаржысын үнемдеу мақсатымен 1949 жылғы арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыға мекемелер мен ұйымдардың, кәсіпорындарының басшылары еліміздің завод-фабрикаларынан алатын өнімді тез жеткізгізіміз деп өздерінің өкілдерін жіберіп, оларға көптеген мемлекет қаржысын төлеп келгені атап көрсетілді. Онымен бірге, заводтар мен фабрикалардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысына жұмсалатын мемлекет қаржысының есебін қатаң жүргізуді міндеттеді.

Алайда, қаланың кейбір кәсіпорындарында, заводтар мен фабрикаларда, мекемелерде мемлекет қаржысын жұмсауда несіздіктің, ұқыпсыздықтың барлығы мемлекет қаржысының талап-тарапта түсуіне әлі де болса жол беріліп келе жатқандығы байқалады. Бұған мысалдар келтірейік.

Петропавл автобазасының (директоры Давыдов жолдас) үстіміздегі жылдың апрель айында Москвадан Сталин атындағы автомобиль зауыдынан алынатын машиналарды мерзімінен бұрын аламын деп, оған арнаулы өкіл жіберді. Оның жол шығынына 600 сомнан астам мемлекет қаржысы ұсталды. Осымен бірге айлық еңбегі толық төленді. Бірақ, барған жұмыстан ешбір нәтиже шықпаған. Автобаза машиналары тек белгіленген мерзімде ғана алынды. Бұл автобазада әкімшілік басқармаларын азайту жұмысы да дұрыс жолға қойылмаған. Мәселен, мұнда юриконсульт болып Суколенов жолдас алты ай бойы штаттан тыс қызмет еткен. Оған 3 мың сомнан астам мемлекет қаржысы төленген.

Облыстық автомобиль қалынасының бастығы Дятель жолдас Москва және Горький қалаларындағы заводтардан алынатын машиналарды тез түсірмек болып, Жилкин жолдасы дереу өкілдікке жіберді. Юган жол шығыны деп 2500 сом мемлекет ақшасы берілді. Онымен бірге, Жилкин жолдасқа «машина алмай қайтпа, егер ақша керек болатын болса қанша болса да берімін» деген мырзалық көрсетілді. Бастықтың айтқан тапсырмасын есте қатты ұстаған Жилкин мемлекет қаржысын ұстап қидырып жүріп алды. Бұдан кейін тағы

өкілдікке жіберілген Лопатков жолдас та жұмыстан ешбір нәтиже шығармай 1600 сом мемлекет ақшасын жол шығынына ұстап жай қайтты.

Дятель жолдас егін орағының қызу қарқынмен жүргізіліп жатқан кезінде астық тасудағы екі жүз машинасын қосалқы бөлшектер әкелуге Алматы қаласына жіберді. Бұл алыс сапарға жүргендегі кеткен жағар май, барушылардың жол шығыны және басқа да жұмсалған мемлекет қаржысы 6300 сомнан асып түсті. Сол жолда әкелінген астық көпті қосалқы бөлшектер темір жол транспортымен жеткізілсе, бұдан әлде қайда арзанға түсетін болар еді. Бұл жағдай Дятель жолдас ойландырмады.

Жоғарыда көрсетілген фактілер қаланың тағы басқа да мекемелері мен кәсіпорындарында жиі кездеседі. Қаланың көпшілік тамақтанатын асханалары мен шайханаалары халқымыздың ескең тілегіне сай жұмыс істей алмай келеді. Мұнда жұмыс істейтін көптеген кадрлар өз мамандықтары бойынша пайдаланылмайды. Ал асхана меңгерушілерінің орындары жоқ жағдайда есепшілік жұмыстармен ғана отырады. Қалалық асханалар мен ресторандар тресінің бастығы Лопатков жолдас трест қарамағындағы асханаларда штаттан тыс жұмысшылар ұстаудан әлі де арыла алмай келеді. Осы жылдың өткен 9 айы ішінде штаттан тыс жұмыс істейтін адамдарға төленген мемлекет қаржысы 13200 сомға жетті.

Штаттан тыс қызметкерлерді көбейтіп, мемлекет қаржысының орысыз жұмсалыуына жол берушілер қатарына Петропавл темір-жол торабының бесінші дистанциясының бастығы Большаков жолдасы да қосыла болады. Мұнда штаттан тыс жұмыс істеген 9 адамға мемлекеттің 29300 сом қаржысы орысыз жұмсалған.

Совет халықтарының қажетіне, олардың мәдениетін гүлдендіруге беруге, еліміздің экономикасын нығайтуға жұмсалатын мемлекет қаржысын үнемдеп ұстау, әрбір мекеме мен ұйымның, кәсіпорындары басшыларының естен шығармайтын басты міндеті. Мемлекет қаржысының талап-тарапта түсуіне және орысыз жұмсалыуына жол бермеу үшін барлық мекемелер мен кәсіпорындары, партия, комсомол, комсомол ұйымдары батыл күрес жүргізуге тиіс.

А. ЛОБАНЧУК.

Қалалық финанс бөлімінің штат секторының аға инспекторы.

Өнім сапасын жақсартып береміз

Қаладағы темелі фабрикасының жұмысшы-қызметкерлері мен инженер-техниктері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесін өздерінің өндірістегі озат табыстарымен қарсы алды.

маларын артығымен орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Соның нәтижесінде айлық өндірістік жоспар үнемі белгіленген мерзімнен бұрын орындалады.

Фабриканың озат жұмысшыларды машина жұргізуші Н. Мұхитов, темелі көпті-

Осындай озаттардың қатарына Қасенов Мәки және оның жұбайы Биғайшаны да қосуға болады. Бұл екеуі 232 бұзауды күтеді. Екеуі әрбір бұзаудың тәуліктік салмағын 550 грамм жеткізуге міндеттенген еді, міндеттемелерін артығымен орындап, кәзір әрбір бұзаудың тәуліктік салмағы 610 грамм дейін артып келеді.

Менің зоотехник болып істегеніме 9 ай болды. Соңғы кезде бес ферманың бекітілген еңбек тәртібінің қатаң сақталуы, еңбек ұйымдастырудың жақсара түсуі фермаларда зоотехникалық ережелердің толық жүзеге асырылуына мүмкіндік беріп келеді. Біз, мамандар, кәзір ферма меңгерушілерімен, мал өсірушілермен бірлесіп, ақылдаса жұмыс істейтін болдық. Мұның бәрі фермаларда тәртіпті жақсарту түсуде.

Т. ШИРОЖЕЕВ,
Петропавл ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың зоотехнигі.

Колхозшылар аяғы ағына дейін тағы да 300 центнер сүт сатууды ұйғарып отыр. Колхоз табысының артуы, оның экономикалық-техникалық қуаты-

ЕСЕП-ҚЫСАП ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУ ҚАЖЕТ

Колхоз есеп-қыйсап жұмыстарын жақсарту, демек әрбір орындалған және істелетін жұмыстардың есебін дұрыс жүргізу, колхозшылардың еңбекжүндерін кезінде жазып отыру—колхозшылардың еңбекке деген ынталылығын арттырады.

Біздің колхозда, әсіресе мал шаруашылығынан алынатын өнімнің есебін жүргізуде көп кемшіліктер бар. Мәселен, бізде сүттің майлылығы 4 және 4,2 процентке жете тұрса да, ол тек 3,4 немесе 3,5 процент делініп есептеліп келінді. Май заводы бөлімшесінің қызметкері Рақымова жолдас бұл жөнінде колхоздан шынайылықты жасырды. Ал ферманың есепшісі Б. Баймолдин жолдас бұл есептің

А. ВЛАСЮК,
Булаев ауданы, «Гигант» колхозының председателі.

дұрыстығына жетумен шұғылданбады. Міне, осы сыяқты кемшіліктер ферманың басқа да шаруашылықтарында бар. Сыйырлардың төлдеген, сауыла бастаған кездері тіпті есепке алынбай жүр.

Мұның барлығы фермада қатаң тәртіп болмауынан, колхоз басқармасының, оның председателі Жолдасбаев жолдасын ферма меңгерушісі мен есепшіден есеп-қыйсап жұмысын жақсы жүргізуді уақытылы талап етпеуінен болған іс. Бұл іске немқетті қараушылықты жойып, нақтылы басшылық ету керек.

Ғ. ШАЛАБАЕВ,
Ленин ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың колхозшысы.

Быйыл біз келесі жылдың егісі үшін керекті жерді толық дайындадық. Күйылған тұқым қоры да жаздық дақылдар егісіне толығынан жетеді. Кәзір бригада мүшелері барлық күшті тұқым тазарту, қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру, мал қыстатуды үлгілі өткізу жұмыстарына жұмылдыруда. Барлық мал қоралары уқыпты жөнделді. Дайындалған жемшөптің жартысынан көбі қоралар ақылға тасылды. Сабан-топан жыйнау жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде. Мұның бәрі мал қыстатуды үлгілі өткізуімізге жағдай жасайтыны сөзсіз.

Біз колхозшылардың еңбегін ұйымдастыру, еңбек резервтерін мейлінше толық және тиімді пайдалану арқылы жаңа табыстарға жете береміз.

А. ДИВИЦЫН,
Мамлют ауданы, Куйбышев атындағы колхоздың егіс бригадасының бригадирі.

Фабрика коллективі мереке аяғындағы жарысқа ұшпаса, айлық өндірістік тапсырманы 105 процент орындап шықты. Ал үстеміздегі жылдың өткен он айында жалпы өнім шығару жоспары мұнда 107 проценттен астам болып орындалды. Бұл мерзім ішінде еңбек өнімділігі 107,2 процентке дейін артып, өнімнің өзіндік құны да едәуір кемді.

Осындай жақсы көрсеткіштерге біз қалай жеттік? Фабрианың өндірістік программасы асыра орындап, сапалы өнім шығаруының негізі—еңбек өнімділігін есептеп арттыруда, ішкі резервтер мен сыртқы мүмкіншіліктерді толық қамтып, әрбір жұмыс минутын тиімді пайдалануда және фабрика өнертапқыштарының жаңалығын өндіріске батыл енгізуде болды.

Фабрианың барлық пехтары мен бригадаларында, сол сыяқты жекелеген мамандардың арасында социалистік жарыс кең өрістетілді. Пехтар мен бригадалардың әрбір сменада өндірілген өнімнің фабрика комитетінің өндіріс комиссиясы қабылдап отырды. Комиссия айдың аяғында социалистік жарыстың қорытындысын шығарып, озаттардың іс үлгісін көпшілік игілігіне айналдырды. Онымен бірге, әрбір айдың қорытындысы коллективтің жалпы жыйналысында талқыланып, кездескен кемшіліктер батыл сынға алынды. Ол кемшіліктерді дереу жоюға және өндіріс резервтерін сарқа пайдалануға, озаттардың жаңа табыстарын көпшілікке кең насихаттауға өндіріске ақау жібермеудің барлық мүмкіншілігі қарастырылып, оның орындалуы тексеріліп отырылды.

Кәзірде фабрикада сменалық тапсыр-

машы М. Копышева, темекіні пачкаға салып даярлаушы Ф. Елигулытова және Н. Зиганишина және басқа көптеген жұмысшылар бірнеше мамандықты меңгерді. Олар өздеріне міндеттелген өндірістік тапсырманы үнемі 180-200 процентке дейін орындап, сапалы өнімді көптеп беруге жөністі. Олар мұндай жақсы көрсеткіштерге жету үшін көп ізденіп, көп оқыды.

Фабрикада өнімді көп шығарып, оның сапасын жақсартумен бірге, шығарылатын өнімнің ассортиментін көбейту жағдайы да жетек қарастырылды. Үстеміздегі жылдың өзінде жоғары сапалы «Мохорка № 1» темекісінен жоспардың тыс 10 мың жәшік өндіріліп, облысымыздың кооператив орындарына жіберілді.

Фабрикада өнімді мейлінше көп және сапалы өндіру нәтижесінде өткен он айда 520 мың сомның қорын жыйнаудың орнына 630 мың сомның қоры жыйналды. Ал, өнімнің өзіндік құнын кеміту есебінен де фабрика 40 мың сом пайда тапты.

Астана еңбекшілерінің бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарыстың өрістетуге шығарған үндеуін фабрика коллективі зор қуанышпен қарсы алды. Олар советтік бай техника мен озат технологияны кеңінен пайдаланып, өнімді көп және сапалы өндіре отырып, бесінші бесжылдық жоспарды 1955 жылдың ішін айына дейін орындап шығуға міндеттенді. Алған міндеттемені аброймен орындап шығу жолындағы социалистік жарыс фабрикада барған сайын өрістей түсуде.

Г. СМЕЛОВ,
Темекі фабрикасының жоспарлау бөлімінің бастығы.

Колхоз өндірісін өркендетудің маңызды шарты

Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі тарихи қарарлары колхозшы шаруалардың еңбектегі патриоттық белсенділіктерін барған сайын арттыра түсуде. Олардың қажырлы еңбектерін ауылшаруашылық жылының алғашқы қорытындыларынан айқын көруге болады.

Ворошилов атындағы МТС-тің механикаторлары мен станцияның қамтуындағы колхоздардың колхозшылары егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Үстеміздегі жылы колхоздар біткіз егін өсіріп, мол өнім жыйнады. Осының арқасында мемлекетке астық тапсыру жоспары барлық колхоздар бойынша мерзімінен бұрын орындалды. Сонымен қатар тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырма аброймен жүзеге асырылды. МТС механикаторлары мен колхозшы шаруалар ынталылықпен жұмыс істей отырып, қоғамдық мал үшін мол жемшөп базасын жасады. Кәзір мал қыстату маусымына және келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлік жұмыстары ұйымдастырылып жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде көп жағымен бұл және басқа да кейбір табыстар партия ұйымдарының колхозшы шаруалар мен механикаторлар арасында жүргізіп отырған ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстарының нәтижесі. Партия ұйымдары өздерінің күнделікті жұмысында колхоз өндірісін өркендетудің негізгі шарты ретінде еңбек тәртібін нығайту мәселесіне арқашан зор назар аударып келеді.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушылар тобы бастауыш партия ұйымдары мен колхоз басқармаларына еңбекті дұрыс ұйымдастыру, жұмыс нормаларын белгілеу мәселе-

леріне көмектесіп отырады. Мәселен, өткен жылы «Шит» ауылшаруашылық артелиінде еңбекжүн минимумын ташпаған адамдардың саны 50-ден асты. Ал әрбір колхозшының орта есеппен жыл бойы тапқан еңбекжүндері 290 ғана болды. Нұсқаушылар тобы мұның себебін ашуға кірісті. Колхоз басқармасының жұмысы жөнінде колхозшылармен әңгімелесе келгенде, еңбек ұйымдастыру мәселесінде көп кемшіліктер бар екені анықталды. Сонымен қатар колхозда артель өндірісіне сирек қатысатын адамдар аз болмады. Колхоздың есеп беру-сайлау жыйналысында колхозшы шаруалар басқарманың жұмысындағы кемшіліктерді және қоғамдық мүдделен гөрі жеке мүдделерін жоғары санайтын адамдарды батыл сынға алды.

Осыдан кейін еңбек тәртібін нығайтуға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Колхоз басқармасы өр жұмыстың сыншатына қарай, жұмыс нормаларын қайта қарап, оны колхозшылардың жалпы жыйналысында бекітті. Партия ұйымының астық жыйналысында еңбек тәртібін нығайту жөнінде арнаулы мәселе талқыланды. Онда егіс бригадалары мен мал фермаларында еңбек тәртібін нығайтуға арналған әңгімелер өткізу, баяндамалар жасау жөнінде шаралар белгіленді. Партия ұйымы, оның секретары Шербаев жолдас үгітшілердің семинарларын өткізіп, онда еңбек тәртібі жөнінде колхоз председателі Носко жолдасын, егіс бригадасының бригадирі Губа жолдасын баяндамалар жасауын ұйымдастырды. Мұның өзі үгітшілердің колхозшы шаруалар арасында жүргізген әңгімелерінің мазмұнды және әсерлі болуына мүмкіндік берді.

Егіс бригадалары мен мал фермаларында жұмыс күні аяғында келесі күні істелетін жұмыс жөнінде әрбір адамға тап-

сырма беріліп отырылатын болды. Бұл әрбір колхозшының жұмысқа кезінде шығуына үлкен әсер етті. Егіс бригадалары мен мал фермаларының өндірістік жыйналыстарында, үгітшілердің әңгімелерінде, жауынгерлік листовкаларда еңбек озаттары үлгі етіліп, жалқаулар қатты сыналды. Мәселен мал фермасындағы үгітші Казанцева жолдас өзінің соңғы бір әңгімесінде, «Еңбектің игі нәтижесі» деген тақырыпта әңгіме өткізді. Ол өзінің әңгімесінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы сауыпшы В. Жұмытвановтың өткен он айда әрбір сауын сыйырдан 1500 литрден сүт сауғанын, 500-ден астам еңбекжүн тапқанын, сөйтіп мал шаруашылығын өркендету ісіне келеті үлес қосқанын айтты. Сонымен қатар үгітші өзіне тапсырылған жұмысқа немқетті қарайтын кейбір мал өсірушілерді сынап, бұл жөнінде көпшілік пікірін ұйымдастырды. Мұндай әңгімелер колхоз өндірісінің түрлі учасқтерінде жиі болып тұрады.

Колхоз басқармасы жас балалы әйелдерді өндіріске қатыстыру мақсатымен балалар яслин ұйымдастырды. Мұның өзі жас балалы әйелдердің өндіріске үнемі қатысуына мүмкіндік берді. Балалар ясли ауылшаруашылық жұмыстарының түрлі учасқтерінде жиі болып тұрады.

Еңбек тәртібін нығайтуда еңбекжүн минимумын белгілеудің зор маңызы болды. Рас, біз бұл жұмыста алғашқы кезде кейбір қателіктерге жол бердік. Мәселен, «Шит» колхозында еңбекжүн минимумын табу үшін 180 еңбекжүн белгіленді. Бұл мөлшер колхозшыларды еңбекке ынталандырмады. Өйткені кейбір адамдардың 600 еңбекжүн табуға, екінші бір адамдардың 150 еңбекжүн ғана табуға мүмкіндігі болды. Біздің бұл қателігімізді аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті кезінде ескертіп, түзеді. Еңбекжүн минимумын белгілеу мәселесі қайта қаралып, ол әрбір колхозшының жұмыстағы қабілетіне қарай мөлшерленді.

Колхоз басқармасы мен партия ұйымының еңбек тәртібін ұйымдастыру жөніндегі жүзеге асырылған шаралары игі нәти-

желер беруде. Быйыл «Шит» колхозында еңбекжүн минимумын ташпаған колхозшылардың саны екі есе кемді. Өткен жылға қарағанда, әрбір колхозшы орта есеппен 120 еңбекжүн артық тапты. Колхозшылардың өндіріске жаппай қатысуы колхоз экономикасын едәуір ұлғайтты. Колхоз мал шаруашылығының жылдық жоспарын әрбір түлік бойынша толық орындады. Ол мемлекетке 46 мың литр сүт сатып, мыңдаған сом пайда жерді.

Станцияның аймағындағы басқа колхоздарда да, «Заря коммунизма», Киров атындағы, «Путь Ильича» ауылшаруашылық артельдерінде де еңбек тәртібін нығайту мәселесі мықтап қолға алынды.

«Путь Ильича» колхозы (председателі Сметко, партия ұйымының секретары Ковтык жолдас) Октябрь мерекесі аяғындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда жоғары көрсеткіштерге ие болып, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқарушы органдарының қызыл туын алды. Бұл колхозта келесі жылдың көктемгі егісіне қажетті тұқымның теңжартысы кәзірдің өзінде тасаланып, өнімдік сапаға жеткізілді. Колхоз дайындалған жемшөптің бірқатарын мал фермаларының жанына тасып үйді.

МТС қамтуындағы Киров атындағы, «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артельдерінде егін жыйнау, зяб жұрту жұмыстарын үлгілі аяқтап, мал қыстату маусымына тыныштықты әзірлеумен келіп отыр. «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артели мал азығын дайындау жаңындағы жоспарды артығымен орындады. Колхоз артық дайындалған жемшөпті сату есебінен 100 бас сыйыр малын сатып алғалы отыр.

Біздің мақсатымыз — әрбір колхозшының еңбектегі белсенділігін барған сайын арттыра беру, сөйтіп, қоғамдық шаруашылықты өркендетуде жаңа табыстарға жете беруде болып отыр.

Б. БАЗАРБАЕВ,
ҚКП Октябрь аудандық комитетінің Ворошилов атындағы МТС жөніндегі секретары

Товар айналымының жылдық жоспары орындалды

Булаев ауданының барлық кооперативтік-сауда қызметкерлері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшпаса, мереке күнін игілікті табыстармен қарсы алды.

Ауданның барлық колхоздары мен сөзхаздарының магазиндері мен дүкендерінде мереке күндеріндегі сауда қызу қарқынмен жүргізілді. Бұл магазиндерде өндіріс товарларының түр-түрі —мақта-мата, жүн маталары және көптеген түгелі киімдер сатылды. Онымен бірге, азық-түлік товарларының барлық ассортименті—макарон, май, қант, кондитер, балық, консерв, тағы басқа тағамдарды еңбекшілер көптеп сатып алды.

Кооперативтік-сауда қызметкерлері еңбекшілерді мәдениетті қамтып отырып, товар айналымының бір жылдық жоспарын он айда орындап шықты. Ауданның колхозшылары мен механикаторларына, тағы басқа да еңбекшілеріне жоспардағыдан тыс 41 миллион сомның өндірістік және азық-түлік товарларын сатылды. Тұтынушылар тілегін қанағаттандырып, товар айналымы жоспарын артығымен орындап шығу жолындағы социалистік жарыста Возвышен совхозының жұмысшы-кооперациясының коллективі бірінші орынға шықты. Олар товар айналымының жыл-

дық жоспарын мереке күніне дейін 112,8 процент орындады. Сол сыяқты, Булаев селолық тұтынушылар одағының коллективі де жақсы көрсеткіштерге ие болды. Олар еңбекшілерге мәдениетті сауда жүргізуде жаңа табыстарға жетті. Мұнда жылдық жоспар белгіленген мерзімнен әлде қайда бұрын орындалып, тұтынушыларға 196 мың 900 сомның товары 1955 жылдың есебінен сатылды.

Жыл бойында және мереке күндерінде мәдениетті сауда жүргізіп, жақсы табыстарға жеткені үшін аудандық тұтынушылар одағы көптеген сатушылар мен қойма меңгерушілеріне аспалай және заттай сыйлықтар берді. Сыйлық алғандардың ішінде Возвышен жұмысшы-кооперациясының бастығы Михайлов, Булаев тұтынушылар қоғамының председателі Сышко, қойма меңгерушісі Даниленко, күзетші Якушев жолдасстар бар.

Бұл күндері ауданның кооперативтік-сауда қызметкерлері еңбекшілерге мәдениетті сауда жүргізу жұмысын бұдан былайда жақсарту беруге, жыл аяғына дейін әлі де 10 миллион сомның түрлі товарларын сатуы міндеттеніп, алған міндеттемені аброймен орындап шығу жолындағы күресті өрістетіп түсуде.

И. КЕНЖЕБАЕВ,

Әрбір фермада мал жайлы күтімге алынсын

Жан-жақтмы әзірлік

Ноябрь айының салқын күні. Жер беті ақ көрмесін жамылған. Шашырай шыққан бұл көзі жер бетіндегі қарға ызғар бүркіл, шырғата түсетін сыяқты. Тымсырлық. Осыны біліп, өрте күтінген «Мир» колхозына (Ленин ауданы) бұл құбылыс тосын көрінген жоқ. Әр түлік мал өз орындарын, өз жайларын тауып жайғастырылған. Қоралар іші жанданып, әдеттегіден әлдеқайда көріктеніп түскендей.

Мал қолға тұрған алғашқы күннен бастап колхоз басқармасы әр фермада жемшөп пен концентраттың үнемделіп жұмсалтуына ерекше назар аударды. Оларды малға беру тәртібін белгіледі. Ферма мамдарының сумен толық қамтамасыз болуы үшін әр қоралардың жанына күдей қазылған.

Колхозда ірі сабақты мал азықтарын, сабақты концентрат араластырып жәрлендіріп, буландырып беретін әрқайсысы бес тонналық екі қамба бар. Олардың қабырғалары бетондалған. Көзір бұларға су жылытатын котелдер орнату ісі аяқталды. Күйбішев атындағы машина-трактор станциясы колхоздың қамбаларға ірі сабақты жемшөп пен сабақты ұсақтап салуы үшін моторлы екі сабантурағыш белді.

Колхозшылар МТС механизаторларының көмегі арқылы мал қыстатуға керекті ірі сабақты және құнарлы мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындау артель насихаттайтын және істегі кемшіліктерді батыл сыннайтын жауынгерлік листоктар үздіксіз шығарылып тұрады.

Колхозшылардың мал қыстатуды зор лайықтықпен бастауы және мал өсірушілердің тұрмыстық, мәдени тілектерін күнбе-күн қанағаттандырып отырулары мал шаруашылығының алдағы жылы мұнан да табысты болуына жеткізетіндігіне сенім зор.

Қ. БЕЛГІБАЕВ.

Мал өсірудің озаттары

Қабдолқай Омаров Ленин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) алдыңғы қатарлы, еңбек сүйгіш колхозшыларының бірінен саналады. Ол көп жылдар бойы сауын сыйырларды бағып келеді. Омаров жолдас жаз айларында жайылымдықтарды мал жаюға дұрыс пайдалану арқылы жыл сайын малдың қонды болуына жетісуде. Сонымен бірге сыйырлардың сүттілігін арттыру ісіне келеді үлес қосуда.

Колхоз басқармасы Омаров жолдасын қазыра еңбектерін ескеріп, быйыл оны Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жіберді. Өзіміздегі ауыл шаруашылығы озаттарының тамаша табыстары жыйнақталған көрмеден Омаров жолдас көп жақалықтарды көрді. Көрмеде кандидат мал өсірушілермен әңгімелесіп, олардың малды бағып, күтудегі тәжірибелерін үйренді.

Ол көрмеден келісімен көргендерін, үйренгендерін мал өсірушілерге әңгімелеп айтып берді. Сонымен бірге колхоздың ішкі мүмкіншіліктерімен толық санаса

кеттік жоспарын түліктің барлық түрі бойынша толық орындады. Ал жекелеген түліктен мемлекеттік жоспардың орындалуы әлде қайда артық. Мысалы, шошқа өсіру жоспарының орындалуы—144 процент.

Колхоз мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда да елеулі табыстарға жетіп отыр. Көзір артель мемлекетке ет, сүт тапсыру жоспарын артығымен орындап, мемлекеттік сатып алу орындарына 300 центнерден аса сүт сатты.

Артельдің мал шаруашылығының өркендей түсуімен қатар өз істерін беріле сүйегін, шебер мал өсірушілер саны да жыл санап көбеюде. Сауыншы Бerta Шенбергер өзіне бекітіліп берілген 12 сыйырдан 12 бұзау алып, шығынсыз өсірді және әрбір сыйырдан орта есеппен 1388 литрден сүт сауды. Сондай-ақ бұзау күтуші Е. Якоби қарауындағы 35 бұзаудың біреуі бірін шығынға ұшыратпай аман өсіріп келеді.

Колхоз басқармасы мал шаруашылығы саласындағы адамдардың мәдени қажеттерін өтеуге қамқорлық жасауда. Мал фермалары жанындағы үйлерге радио-қабылдағыштар орнатылған. Мал шаруашылығы өркендеу жолында міндеттер қоятын айбынды ұрандар мен көрнекі плакаттар ілінген. Фермада малшылар жұмыстарын көрсететін, озаттар әдісін насихаттайтын және істегі кемшіліктерді батыл сыннайтын жауынгерлік листоктар үздіксіз шығарылып тұрады.

Колхозшылардың мал қыстатуды зор лайықтықпен бастауы және мал өсірушілердің тұрмыстық, мәдени тілектерін күнбе-күн қанағаттандырып отырулары мал шаруашылығының алдағы жылы мұнан да табысты болуына жеткізетіндігіне сенім зор.

Қ. БЕЛГІБАЕВ.

Ұйымшылдықпен кірісті

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты жезең—мал қыстатуға ұйымшылдықпен кірісті.

Көше колхоз басқармасы мал қыстатуы қалай өткізу жөнінде арнаулы мәселе қарап, мал шаруашылығы саласында қысқы жұмыстардың нақты жоспарын белгіледі. Колхоз басқармасының жыйналысы мал фермаларындағы жауапты участкаларды коммунистермен және комсомолдермен толықтырды.

Көзір колхоздың барлық фермаларында қыс уақытында азықты түгел жәрлендіріп беруді және ірі сабақты шөп пен сабақты ұнтақтап, буландырып беруді қамтамасыз етуге бағытталған шаралар шұғыл іске асырылуда. Колхоз басқармасы қолда бар бір азықбуландырығыш пен бір сабантурағышты мал қоралары жанына орналастыртып, оларда тұрақты жұмыс істейтін адамдар құрамын бекітті.

Колхоздағы мал қоралары тынақты жөндеген. Мал қыстатуға дайындалған тек ірі сабақты жемшөптің өзі—12 мың центнер. Көзір мұның 25 проценті мал қоралары жанына тасып жеткізілген. Қалған жемшөп декабрь айында түгелдей мал базалары жанына жеткізіледі.

Артель мал шаруашылығынан алынатын өнімді молайта түсу үшін көктемде тамыржемісті дақылдарды егу мөлшерін біраз ұлғайтқан болатын. Соның нәтижесінде мал азығындық 575 центнер тамыржемісті дақылдар дайындалды.

Қоғамдық малға аса құнды азықтың бірі—егіндік жердің сабан-топанын жыйнау жұмысын да колхоз ұқыпты жүргізген. Көзір мұнда 962 центнер жаздық бидай, 350 центнер күздік бидай сабағы дайындалған. Бұларды малға концентрат қосылып, жәрлендірілген және буландырылған түрінде беруге колхоз басқармасы толық мүмкіншілік тудырды. Колхозда бірнеше ондаған центнер дәнді дақылдар қалдығы және көбейе бар. Оған қосымша колхоз астық дайындау пункттерінен дәнді дақылдар қалдығын алуы тыңшылықты ұйымдастыруда.

Колхоз басқармасы мен колхозшылардың мал қыстатуға мұндай әзірлікпен келуі және мал қыстатуға алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен кірісуі колхоздың малды қыстап шығынсыз, қонды шығаруын, алдағы жылы мал шаруашылығынан алынатын өнімді әлдеқайда көбейтуіне толық қамтамасыз етеді.

Н. КАМАЛОВА.

Қысқа дайын

Койнохов ауданында қысқа үлгілі әзірленген колхоздардың бірі—«Искра» колхозы. Колхоз үстіміздегі жылғы ірі сабақты жемшөп дайындау жоспарын біржарым есе артық орындады. Сонымен бірге үш мың центнерден аса сүрленген жемшөп дайындаған. Сауын сыйырларға арналған



Коммунист Анна Лунева Торангүл совхозына Москва облысынан келген болатын. Совхоз дирекциясы Аннаға № 3 мал фермасындағы кітапхананың меңгерушісі болып істеуді ұсынды. Бұл ұсынысты ол қуанышпен қабыл алған болатын.

Көзір Анна Лунева басқарған кітапханада екі мың дана кітап бар, оның тұрақты оқушылары да көбейе түсуде.

СУРЕТТЕ: Анна Лунева малдәрігерлік техник И. Федоренкоға қалаған кітөбін әперіп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кітапхана жұмысын жақсарту береміз

Біздің ауданның еңбекшілері Қостанай облысы, Таран ауданы колхозшыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интеллигенциясының село мәдениет ошақтарының жұмысын барынша жақсарту туралы республиканың барлық еңбекшілеріне үндеуін бір ауыздан қолдап, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуға ат салысуда.

Аудандық кітапхананың кітап қоры жыл сайын жаңа еңбектермен толықтырылуда. Өткен жылы кітапханадағы әдебиеттердің саны 10 мыңдай еді. Быйыл оның үстіне 3034 дана ғылыми, саяси, ауылшаруашылық, көркем әдебиеттер және басқа кітаптар сатып алдық. Сөйтіп, кітап қоры 13 мыңнан асады. Ауыл-село кітапханалары мен оқу үйлері аудандық кітапхана арқылы көптеген әртүрлі әдебиеттер алдыры.

Кітап қорының көбеюіне байланысты тұрақты кітап оқушылардың саны да өткен жылдарға қарағанда анағұрлым артуда. Бізде арнаулы кітапхана советі бар. Оған аудан орталығының мекеме қызметкерлері, мамандар мен мұғалімдер тартылған. Ай сайын жұмыс жоспары жасалып, ол кітапхана советінде бекітіледі. Мұнымен бірге, совет мүшелері жоспарда көрсетілген әртүрлі жұмыстарды жүзеге асыруға белсене араласады.

Кітапханада активтердің көмегімен кітап оқушылар конференциясы өткізіліп тұрады. Жақында Павловтың «Түс және түс көру» және басқа кітаптары бойынша библиографиялық шоу өткізілді. Оған көптеген кітап оқушылар қатысты. Мұнымен бірге кітапханада әртүрлі тақырыпта

газет, журналдардан және көркем әдебиеттерді жауыстап оқу да жиі ұйымдастырылады. Быйыл әртүрлі 19 кітап бойынша дауыстап кітап оқуды ұйымдастырды.

Кітапханада белгілі даталарға арналып кітап көрмелері, фотомонтаждар әзірленеді. Мұнымен бірге ауданның ауыл шаруашылығының даму жолын бейнелейтін диаграммалар, фотовитриналар да ұйымдастырылады.

Аудандық кітапхана ауыл-село кітапханаларына да үнемі практикалық көмек көрсетіп келеді. Кітапхана қызметкерлері Чистов селолық кітапханасына барып, кітаптарды реттеуге, кітап оқушылар конференциясын өткізуге және каталогтар жасауға көмектесті. Сол сияқты, Возвышен селолық кітапханасында кітап оқушылар конференциясын өткізуге, фотомонтаждар мен фотовитриналар ұйымдастыруға және басқа жұмыстарына да тиісті көмек көрсетілді.

Сол сияқты кітапхана коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына әзірлік жұмыстарын қызу жүргізді. Ұлы мерекеге арнап көркем әдебиет кешін, кітап көрмесін және плакаттар мен транспаранттар ұйымдастырды.

Аудандық кітапхана тарандықтардың бастамасын қолдай отырып, аудан еңбекшілерін мәдениетті қамтуды бұдан да жақсарту береді. Сөйтіп, еңбекшілердің күн санап өсіп отырған өскелең тілегіне сай жұмыс істеуге жетіседі.

М. УЧАЙКИНА,
Булаев аудандық кітапхананың меңгерушісі.

Қамқорлыққа алынған мектеп

Оқу жылының бас кезінде Петровка тар жер жақытын, оны өңдеу жолдары

Ильич шамдары

«Луч Ленина» колхозында (Петропавл ауданы) Алтай трактор заводының жасап шығарған 30 киловатт сараттық электр станциясы іске қосылды. Бұл электр станциясы отын қуатымен жұмыс істейді. Көзір сым желілері жүретін бағаналар мал қораларының, колхоз көшелерінің бойына орнатылды. Онда Ильич шамдары тұрып тұтуда. Сонымен бірге әр колхозшының үйіне 220 вольттық электрошнәк орнатылуда. 12 декабрь—сайлау күніне дейін колхозда 1000 Ильич шамы жанатын болады.

Бұл электростанция күндіз колхоздың шаруашылық жұмыстарына кеңінен қолданылады. Өресе ауыр еңбекті талап ететін колхоздың ұста дүкені, мал қоралары, пилорама және киноустановка электр қуатымен жұмыс істейтін болады. Мұның өзі колхозда қол еңбегін едәуір жеңілдетеді. Сонымен бірге колхозға мыңдаған сом табыс келтіреді.

Электр станциясын орнатуда жұмысты тез бітіру үшін колхозшылар белсене қатысуда. Өресе электрші А. Сергеев, П. Никольев, моторшы А. Сидников жолдас-тар еңбек етуде ерекше көзге түсіп жүр.

Н. АЙТЖАНОВ.

Жаңадан қоныстанушылар үшін

Октябрь ауданындағы Ново-Покровка селосында үстіміздегі жылы жаңа құрылыстар салу жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Мұнда тың жерлерді игеруге желден патриоттардың тұрмыс қажетін өтеуге де ерекше көңіл бөлінуде. Үстіміздегі жылдың өзінде 9 фин үйі, 4 бөлмелі екі үй және үлкен асхана салынды. Бұл үйлерде тың жерлерді игеруге келген семьялы патриоттар тұрады. Тұрғын үйлердің барлығы да электр жарығымен және радиомен жабдықталған.

Сол сияқты мұнда жаңа элеватор салынып жатыр. Көзірдің өзінде екі үлкен тас сарай, астық көптіргіш салынып болып, бір сарайдың іргесі қаланды. Сол сияқты электр станцияның құрылысы аяқталды. Ол элеваторды, жұмысшылар үйлерін жарықпен қамтамасыз ететін болады.

Селода жұмысшыларды көпшілік тұтыналып товарлармен тыңшылықты жабдықтап отыру үшін жаңа дүкен салынды.

Б. ҚАЙЫРОВ.

Цирк артистерінің гастролі

Жақында Мәскеудің 2 цирк бірлестігінің бір топ артистері Преснов ауданының колхоздары мен МТС, совхоздарында гастрольде болды. Цирк артистері Украина астық совхозында, Майбалық МТС-інде, көптеген колхоздарда болып, барлығы 20 дан астам ойын көрсетті. Аудан еңбекшілері олардың артистік шеберліктеріне риза болып, көп алғыс айтты.

Ә. СЕЙІТОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

Комсомол комитеті

ҚАРТ МАЛШЫ

Баян қолхозында (Преснов ауданы) мал шаруашылығының үздіксіз өркендеуін және бұл саладан алынатын өнімді жыл сайын көбейте түсуді қамтамасыз ету үшін мал күтуге жөнделген тәжірибелері бар адамдар іріктеліп алынған. Солардың бірі—Есембай қарт. Ол зайыбы Бөшен Ахметовамен екеуі мал шаруашылығында жыйырма жылдан астам істеп келеді.

Үстіміздегі жылы Есембай қарт 245 бас бойды малды бағуға міндеттенді. Ол мал бағуды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай жүргізді. Әресе малдың тек таза сумен қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл бөлді. Малдың жайылымын ұқыпты түрде ауыстырып отырды. Мұндай шаралардың тынақты іске асыры-

луы Есембай Ахметов жолдастың қартаюындағы малдың шығынсыз, әрі түгелдей семіз болуына жетістірді. Көзір Есембай қарт зайыбымен екеуі қарауындағы малды қыста өздері күтуге және малды жазға осы қонынан төмендетпей шығаруға міндеттеніп отыр.

Қоғамдық шаруашылыққа беріле істеген адал қолхозшының еңбегі игі бағаланады. Есембай Ахметов тек үшінші топ-санның өзінде еңбекжүнге 2000 сом ақша, 15 центнер астық алды. Оған жыл аяғы, есеп айырысу кезінде, еңбекжүнге тиетін астық пен ақша мөлшері бұдан едәуір артық.

С. ТӨЛЕГЕНОВ.

Қоғамдық малдың қолға тұра бастаған алғашқы күндерін өзі-ақ, қолхоздың мал қыстауға үлгілі әзірленгенін анық байқады. Мұнда малға азықты жұмсап, шәрлендіріп беру үшін алдын-ала жағдайлар жасалған. Мал фермалары жанында дөңгелек күшімен жүретін бір сабантурағыш жұмыс істейді. Сондай-ақ, малға ірі сабақты жемшөпті және сабанды жұмсап, шәрлендіріп беретін жан-жағы кірпішпен қаланған азықбуландырғыш қамба бар. Онымен бір реттің өзінде 30 центнер буланған азық дайындауға болады.

Мал фермаларында жұмыс істедің жаңа жолдары белгіленген. Малға жемшөп беру, суару, серуенте шығаруға жұмыс тәртібі қатаң сақталынады. Қолхоз сауыншылары малды жақсы күтіп, өнімді неғұрлым мол алу үшін күресуде.

А. ҚАРПЫҚОВ.

ТЕАТР

„Шет аймақтағы үй“

Облыстық драма театры өзінің қысқы маусымын А. Арбузовтың «Шет аймақтағы үй» пьесасын қоюмен бастады.

Халқымыздың есінде мәңгі сақталатын 1941 жылғы оқпайған алынған бұл пьесада фашистік Германияның қан құйлы шабуылына қарсы күресіп жатқан қарапайым совет адамдарының ерлігі, олардың ішкі дүниелерінің тамаша байлығы баяндалған. Пьесаның кейіпкерлері—Арбузовтың бұдан басқа шығармаларындағы сияқты, барлығына ортақ жұмыспен, достық және сүйіспеншілік рухында бір-бірімен тығыз байланысқан жастар. Автордың өзі айтқанындай «Шет аймақтағы үй» пьесасында «олардың жүрегіндегі ыза-кеңітін қалай қалыптасқандығы... олардың әрқайсысында халық рухы бар» екендігі көрсетілген. Пьеса көптеген өсерлі эпизодтарға, шын мәніндегі лирикалық көріністерге өте бай.

...Москваның шет аймағында жеке тұрған үйде апалы-сіңілі Вера, Любовь және Надежда Ивановалар тұрады. Олардың барлығы да барлық совет қыздары сияқты қарапайым, өз өміріне көңілі тоқ, бұдан да қызықты болашақ туралы ой қыялына шомған. Олар тек қиялданып қана қоймайды, сол қызықты болашақ үшін еңбек етеді. Вера мен Любовь танк жасау заводында жұмыс істейді, ал олардың ең кіші сіңілі Надежда ФЗО мектебінде оқиды. Пьесаның басқа кейіпкерлері Алеша Кустов, Женя Шеремет, Лена Гаврилова және басқалары да Ивановамен бірге жұмыс істейтін адамдар. Бұлардың ешқайсысы да бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысының жеке мінездері, өздеріне тән ішкі сезімдері, әрқайсысының жақсы қасиеттері мен әлсіз жақтары бар. Барлығының да өз арманы, жарқын үміттері бар. Өйткені олардың барлық өмірі әлі алда.

Олардың жарқын өмірін кенеттен ашыптан соғыс бөледі. Міне, осы кезде пьеса кейіпкерлерінің мінез-құлқы, қар-

жақсы-жаман қасиеттері айқын көрінеді. Ивановалар мен олардың жолдастары мұндай ауыр кезеңде де жеңілес күші бар, өздеріне бақытты өмір әперген әкелерінің даңқты істеріне кір келтірмейтін нағыз совет адамдары екендігін көрсетеді. Алеша Кустов пен Женя Шеремет жұмысшылар батальонының құрамында майданға кетеді. Ал Ивановалардың сүйікті ағасы фашистерге қарсы күресте ерлік өлген қаза табады. Ол қайтыс болар алдында қарындастарына жазған хатында «сендерге өте қиын екендігін мен түсінемін, бірақ қайткен күнде де бізге танкті көп беріңдер. Менің бұл сөзімді заводтағылардың барлығына айтыңдар» деп жазады. Сүйікті ағасының өлімі Ивановаларды жеңіс үшін бұрынғыдан да асқан күш-жігермен еңбек етуге жұмылдырады.

—Біз осында қалаға тиіспіз, — дейді ызамен Люба, —бомба астында, снарядтар астында күні-түні жұмыс істесек те, майданға танк беріміз керек!

Бірақ завод бұл кезде тылға көшіріледі. Қаланың шет аймақтарында артиллерия атыстарының даусы үздіксіз естіледі. Осындай хаушті түндердің бірінде Женя Шеремет майдан шебінен өзінің бұзылған танкті заводқа жөндеуге алып келеді. Танкте ауыр жараланған Алеша Кустов бар, ал танкке көп жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Бірақ танкті немен жөндеу керек? Міне, бұл өлі де болса қалада қалған танк жасаушыларды қатты ойландырады. Алеша өз алдында танк жасаушыларға қайткен күнде де қайраған танктің қатарға қосылуы қажет екендігін тапсырады. Танк жасаушылар көшіп кеткен заводтардан қалған ескі станоктарын жыйнастырып, жөндеу мастерскойын ұйымдастырады. Сөйтіп, көп кешікпей-ақ танк қатарға қосылады және осы жөндеу мастерскойының негізінде жаңадан танк жөндейтін завод құрылады. Бұл—Ивановалардың және олардың еңбектес жолдастарының бірінші жеңісі еді.

Мұндай ауыр сын күндерінде пьеса кейіпкерлерінің Отанға деген сүйіспеншіліктері, олардың барлық күш-жігері жеңіске барытталғандығы айқын көрінеді. Ивановалардың кішісі Надя майданға санитарка болып барған жерінде екі кезінен айырылады. Бірақ Надя өз жағдайының қаншалықты ауыр екендігін төңіректеніп жұртшылыққа сездірмейді. Өйткені ол бақытсыздықта өзінің жалғыздық көрмейтінін жақсы біледі. «Шет аймақтағы үй» пьесасының кейіпкерлерінің жеке бастарының бақытты болуы Отан бақытымен тығыз байланысты.

Арбузовтың мұндай құнды пьесасы театр коллективінің орындауында қалай шыққан? Сахнада шын мәнінде бағалы образдар жасалған ба? Біздіңше театр артистері өздерінің бұл міндеттерін толық орындап шыға алмаған. Рас, спектакльді жұртшылық жылы жүзбен қарсы алды. Бірақ біз мұны пьесаның жазылуының құндылығынан деп білуіміз керек. Егер спектакльді қоюшы театрдың бас режиссері В. Скалов жолдас өз міндетіне бұдан да жауаптырақ, жан-жақты қараған болса, пьеса бұдан да құндырақ, идеялық дәрежесі жоғарырақ шыққан болар еді. Көптеген образдарға кәте мән беру, пьесаның мазмұнымен жете таныспау, образдардың ішкі сезімдерін толығырақ ашу үшін жеткілікті жұмыс істемеу спектакльдің солғын шығуына әкеліп соққан. Соның салдарынан сахнада Арбузовтың шығармаларына тән жоғары поэзия зрителдерге толық жеткізілмейді. Спектакльдегі романтикалық өсер тудыратын оқпайған күнгірттеп, адамдардың нәзік сезімдері жеткізіле берілмеген. Спектакльді қоюшы Скалов зрителдердің жоғары талаптарын ескермей, орынсыз көріністерді көптеп енгізіп, кейіпкерлері пьесаның мазмұнымен ешқандай байланысы жоқ оқпайғаларға қатыстырған.

Зрителдер пьесаның барлық кейіпкерлерімен бірінші актте-ақ танысады. Бі-

рінші көріністе оқпайға 14 июнь күнгі сембі кешінде болады. Ивановалардың үйіндегі аса көңілді бұл сағаттарды қаншалық соғыс күндерінен небары бір айта уақыт бөліп тұрады. Табысты еңбектен кейін Ивановалар өз үйлерінде көңілді түрде дем алуда. Әресе үнемі көңілді жүретін Люба бұл күні бұрынғысынан да қуанышты. Ол бөлме ішінде өз саласы, оның өзі еңбек, қуаныш жыры. Люба өзінің 21 жылдық өмірі ішінде ешқандай кешілік көрген емес. Сондықтан да оның бар ойы келешекте де бақытты өмір сүру, еңбекте жаңа табыстарға жету бағытталған. Бірақ Любаның образын орындауда артистка Л. Беляева оның мінезінің жан-жақты ерекшеліктерін толық ашып көрсете алмаған. Артистка өз кейіпкерін шамадан тыс тура мінезді етіп көрсетіп, оның нәзік сезімдерін, ішкі дүниесінің байлығын көп реттерде зрителдерге жеткізе алмайды. Соның салдарынан жұртшылыққа Люба жеңіл мінезді адам сияқты көрінеді. Сондықтан пьесадағы Любаның ойлы сөздері өздерінің шын маңнасын жойып кетеді.

Артистка М. Шарина да Надеждының образын жасауда елеулі кешіліктер жіберген. Надя 18-ге жаңа толған жас қыз. Апаларынан гөрі Надяның ішкі сезімі бақытты болуға, үлкен істер атқаруға, Отан үшін даңқты ерліктер жасауға деген арманға толы, қыялға бай. Надя еліміздің тағдыры шешіліп жатқан майданға кетеді. Бір қарағанда нәзік, қыялшы қыздың ішкі мәніндегі ерлік жасауға қабілеті бар екендігі айқындалады. Драматург Надяның бойына көптеген жақсы қасиеттер берген. Соған қарамастан пьесада оның образы толық жасалмай, кім екендігі жұмбақ болып қалады. Бірінші актте Надя жұрттан оқшау, өзімен өзі болып өмір сүреді. Бұл біздіңше артистканың өз кейіпкерінің ролін дұрыс түсінбегендігінен. Шарина Надяның сөздерін ешқандай құбылмалы, ішкі сезімдеріне байланыстырмай айтады. Рас, артистка Надяның ролін соңғы көріністерде едәуір жақсы ойнайды. Соған қарамастан ол Надяның нақтылы образын жасап бере алмаған. Сол сияқты Шаринаның ойнауында Надяның Женя Шереметті сүйе-

тіндігі жұртшылықты нандырмайды. Спектакльде Вераның ролінде өткен жылдары бірнеше сәтті образдар жасаған артистка Т. Кучина ойнайды. Ол Ивановалардың ең үлкені, комсомол комитетінің секретары. Жарқын мінезді, терең ойлы Вераның завод жұмысшыларының арасында үлкен беделі бар, оның мінезі де күрделі. Вераның ерлік күші әсем қыялмен, тұрашылдығы аздаған түйбұтқымен астарласып жатады. Ол техник-конструктор Алеша Кустовқа деген сүйіспеншілігін ашып айтыпайды. Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде Вера Иванова асқан ерлік көрсетеді, танк жөндеуін заводтың ұйымдастырушыларының бірі болады. Артистка Кучина өз геройының бұл қасиеттерін жете бере отырып, едәуір кешіліктер де жіберген. Ол шамадан тыс салқын қандылықпен ойнайды. Соның салдарынан Вераның образы өзінің жақсы қасиеттеріне қарама-қарсы өмір ауырталығынан қалжыраған адам сияқты көрінеді. Сол сияқты, Вера-Кучинаның оны завод директоры етіп тағайындаған хабарды естіген кезде шамадан тыс қуануы да нанымыз нәрсе.

Артист Н. Найденов Женя Шереметтің образын жасауда дұрыс актерлік жол таппа алмаған. Женя-Найденов алғашқы кезде өз бетімен жүрген, ешкіммен жұмысы жоқ адам болып көрінеді. Режиссердің көрсетуі бойынша Шеремет әртүрлі жат әрекеттер жасайды. Сол сияқты, ол Надяға өзінің сүйіспеншілігін айтқан кезде де өзін-өзі дұрыс ұстамайды. Шеремет кейбір көріністерде Кустовпен және Даниламен төбелеске дейін барады. Бұл көріністер пьесада жоқ нәрселер. Біздіңше спектакльді қоюшы Скалов бұл көріністерді жұртшылықты қызықтыру үшін енгізген болуы керек. Ал бұл спектакльдің құнын кемітетін үлкен қателік.

Үшінші акттегі мизансцена да дұрыс шешілмеген. Режиссер пьесаның текстіне қарама-қарсы майданнан ауыр жаралы болып келген Алеша Кустовтың өлуін көрсетеді. Ал бұл керек пе еді? Әрине, керекі жоқ. Мұның барлығы тек қана спектакльдің сыртқы көріністері арқылы жұртшылыққа өсер ету үшін жасалған. Айта кету керек, Алеша Кустов пьесаның

Т. УМБЕТОВ,

Ленин аудандық оқу бөлімінің инспекторы.

Газетке пайдаланылмай, тексеріске жіберілген «Редакцияға хат» деген тақырыпты тілші хатында қаладағы құрылыс мекемесінің комсомол ұйымының жұмысындағы кешіліктер атап көрсетілгенді.

Қалалық комсомол комитетінің секретары Г. Шәкіров жолдас редакцияға, тексеріс жүргізгенде тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын хабарлады. Комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы комсомол ұйымының жұмысын қанағаттанғысыз деп талқай, ұйым жұмысына жанды басшылық жасай алмағаны үшін комсомол ұйымының секретары Галин жолдасы комсомол ұйымының секретарлығынан босатқан және 5 адамнан комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлаған.

Қалалық комсомол комитетінің бюро мәжілісі комсомол ұйымының бұрынғы секретары Галинге қатты ескерткен.

көрнекті геройларының бірі. Комсомол комитетінің мүшесі Алеша Кустов артист Г. Шаринаның орындауында едәуір жақсы шыққан. Спектакльде өз дәрежесінен төмен шыққан образдар Лена Гаврилованың (артистка Т. Малинина), Марусяның (артистка Т. Лёгата) образдары. Инженер-конструктор Корабейниковтың образын артист А. Бойко біржолы тәуір жасаған. Бірақ оның орындауындағы Корабейников өзінің 40 жасынан әлде қайда қарт адам болып көрінеді. Соның салдарынан Корабейниковтың пьесаның басқа кейіпкерлерімен қарым-қатынасы нанымыз шыққан. Жас артист Е. Балашиовтың алғашқы ойнаған ролдерінің бірі Даниланың образы оның творчестволық алғашқы қадамының сәтті басталғандығын көрсетеді.

Жалпы алғанда спектакль сәтсіз шыққан. Оның сәтсіз шығуына ең алдымен пьесаның идеялық және көркемдік құндылығына жете назар аудармаған режиссер мен актерлер кінәлі. Сол сияқты, жалпы сахналардың көріністері мен дыбыс өсерлері де жеткілікті дәрежеде емес. Оқпайға майданға жақын маңда болғандықтан зрителдер артиллерияның атысын, завод гудогін естіп, қысқы қатал табиғаттың белгілерін көруге тиіс еді. Бірнеше акттерде майдандағы жағдайды хабарлайтын кезеңдер бар. Бірақ бұл көрсетілмеген. Рас, соңғы актте рупор арқылы Москва түбіндегі немістер шабуылының апатқа ұшырағандығы жөнінде хабарлаған мәлімет естіледі. Мұның өзі нанымыз шыққандығы сондай, залдағы зрителдердің күлкісін келтіреді. Зрителдерді мұншалықты сыйламаушылыққа жол берілмеуге тиіс. Аталған кешіліктер театр коллективінің спектакльдер дайындауда өлі де көп жұмыстар істеуі керек екендігін көрсетеді. Ал оған олардың мүмкіншілігі өлген жетеді.

Облыстық драма театрының қысқы маусымы жаңа басталды. Театр коллективі зрителдеріміздің ескеңең талпын срындау жолында әлі де болса көп еңбектенуі керек. Жұртшылығымыз олардан идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары, құнды спектакльдер күтеді.

Қ. АСҚАРОВ.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының ашылуы

СТОКГОЛЬМ, 18 ноябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Стокгольмде Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің сессиясы ашылды. Бұл сессияға барлық континенттегі елдерден бейбітшілік жолындағы күрескерлердің көптеген өкілдері келді. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі президентінің мүшелері сессияның президиумынан орын алды. Сессияны Швецияның бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі священник Свен Хектор ашты, ол осы бірінші мәжілісте председателдік етті.

Хектор қысқаша сөзінде сессияға қатысушыларды құттықтады және, кейбір қиыншылықтарға қарамастан, сессияның белгіленген мерзімде ашылғанын атап көрсетті. Шешен сонымен қатар сессияны Стокгольмде шақыруға Швеция үкімет орындарының дұрыс қарағанын қанағаттанғандықпен атап көрсетті. Бұл көзқарас, деді ол, осы жыйналыстың алдында тұрған зор мақсаттарды жүзеге асырудың негізін қалайды, ал жыйналысқа қатысушылар барлық елдер арасында ынтымақтау қажет екендігіне сеніп отыр. Бұл мақсат Швеция халқының бейбітшілікке ұмтылған талабына, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуді, дұшпандық

блоктер құруға жол бермейтін және халықаралық ынтымақтауға көмектесетін бас-таманың қандайын болса да қолдап отыруды көздеген оның тілегіне сай келеді.

Хектор бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік қозғалысының табыстарын атап көрсетті, ал бұл табыстар — Кореяда және Индо-Қытайда соғыстардың тоқтатылуы, халықаралық жағдайдағы шиеленістің бәсеңдетілуі болып отыр. Ол дүниежүзілік екі соғыстың қайғылы апаттарын басынан кешірген, бірақ дақты бейбітшілік және мәдени дәстүрлері бар швед халқының бейбітшілікке бәр ниетімен ұмтылып отырғанын ерекше атап көрсетті.

Шешен бұдан кейін соғыс блоктарын құрудың, атап айтқанда, Батыс Германияны қайта қаруландыру туралы жуырда Лондон мен Парижде жасалған келісімдердің жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндіріп отырғанына назар аударды.

Герман проблемасын бейбітшілікпен шешуге, Германияны демократиялық негізде біріктіруге, деп көрсетті Хектор. Балтық бассейніндегі елдер ерекше мүдделі болып отыр, өйткені герман милитаризмін қайта тудыру бұл елдердің бейбітшілігі

мен хауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді.

Бейбітшілікті жақтаушылардың бәрінің жалпы күш-жігері, деді шешен бұдан кейін, кәзіргі кезеңде бейбітшілікті сақтауға барыпталуға тиіс. Нәсілдердің, тәртіптердің айырмашылығы бейбітшілікті сақтауға және ынтымақтауға бөгет бола алмайды. Жуырда бейбітшілікті жақтаушылардың Швеция қозғалысының инициативасымен «бейбітшілік сарары» өткізілді. Әртүрлі партиялар мен ұйымдарға жататын бұл сарарға қатысушылар Балтық бассейнінің әртүрлі елдерінде зор жігермен қарсы алынды. Халықаралық ынтымақтың қажет екені туралы айта келіп, Хектор былай деді: барлық халықаралық проблемалар саяси көзқарастардың айырмашылығына қарамастан шешілуі тиіс. Жалпы проблемалардың шешімін табу және халықаралық жағдайдағы шиеленісті оған әрі бәсеңдетуге кедергі болып отырған себептерді жою үшін халықтар бірігуге тиіс.

Осы сессия, деді ол қорытындысында, халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақты қорғаушы күштердің жаңа жеңістерге жетуі жолындағы бастаушы кезеңге айналатын болсын.

Амброджо Донинидің баяндамасы

Бұдан кейін «Европаның барлық елдерінің жалпы хауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен олардың ынтымақтасуы» деген күш-төртбінің бірінші пункті жөнінде Рим университетінің профессоры сенатор Амброджо Донини және француз парламентінің депутаты Жильбер де Шамбрэн баяндамалар жасады.

Донини баяндамасының бас кезінде халықаралық жағдайдағы шиеленістің соңғы уақытта бәсеңдей бастаған себептеріне назар аударып, Женева кеңесінің табысты болып шешілуін күтіп отырған басқа да халықаралық даулы проблемаларды ойдағыдай шешуге жаңа жағдайлар тудырды деп көрсетті.

Европадағы бейбітшілік пен ынтымақтың бұл жаңа перспективалары, деді Донини бұдан кейін, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды француз ұлттық жыйналысы қабылдамай тастағаннан кейінгі жерде бұрынғыдан да рөрі ұлғая түсті. Бұл договорды қабылдамай тастаудың, ең алдымен, бейбітшілікті жақтаушылардың француз қозғалысының жеңісі болғанын Донини атап көрсетті. Бірақ бұл сонымен қатар бейбітшіліктің барлық елдердегі барлық достарының да жеңісі болып табылады. Бұл бейбітшілікті қорғаудың халықаралық қозғалысының нәтижесі.

Осы оқиғалардың бәрі, деді Донини, Европада хауіпсіздік пен ынтымақты қамтамасыз етуге жол ашты. «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың жүзеге біртұтас, демократиялық Германия құруға жол ашты.

Донини бұдан кейін Батыс Германия-

саласында ғана емес, сонымен бірге саяси, әкімшілік, экономикалық және финан салаларында да шешуші ықпал жасай алатын, демек, ұлттық суверенитетке қатер төндіретін күрделі соғыс маңи-насы құрылуы.

Донини сонымен қатар бұл келісімдердің хауіпті шарттарына да тоқтады, бұл шарттар кімде-кім кәзір Батыс Германияның өзі де қатысушы болып отырған «солтүстік-атлантикалық одақтың бүтіндігіне қол сұққан» жағдайларда бұған автоматтық түрде араласуды көздейді. Бұл шарттың мәнісі — егер Италия мен Франция осы атлантикалық одақтан шығуға ұйғаратын болса, онда басқа елдер автоматтық түрде қыймыл жасап, бұл блоқтың «бүтіндігін бұзуда» жол бермеу үшін күш жұмсауға міндетті деген сөз.

Донини атлантикалық блоқтың агрессиялық сыйпатын атап көрсетті және оғұны, атап айтқанда, Совет Одағының осы блокке кіру жайындағы ұсынысын қабылдамау фактісінің өзі де көрсетіп отырғанын еске салды. Бұл блоқтың басты күші кәзір Батыс Германияда қайта тудырылып жатқан және бұрынғы гитлершіл генералдардың қарамағына берілетін армия болып табылады. Донини бұрынғы гитлершіл генералдардың бірі Штейнердің «сәсетік әскерлер болашақтағы әскерлер үшін үлгі болуға тиіс» деген сөздерін келтірді.

Лондон мен Париж келісімдерін сыйпаттай келіп, Донини былай деді: бұл келісімдер Европаның бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне тікелей төнген қатер болып табылады. Батыс Германияны қаруланды-

«европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы күрес дәлелдеп беруде. Европаны бөлшектеуге қарсы, Германияны қаруландыруға қарсы, жанталаса қарулану жоспарларына қарсы күресудің, Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күресудің мүмкін екендігі бұл жеңіске жетуге болатынын көрсетіп отыр.

Совет Үкметінің осы жылғы 13 ноябрьдегі нотасы 29 ноябрьде Парижде немесе Москвада, АҚШ-тың қатысуымен және Қытай Халық Республикасын байлаушы ретінде қатыстыра отырып, барлық европалық елдердің кеңесін шақыруды ұсынып отыр. Бұл нота барлық елдердің жұртшылығы арасында кең пікірлер тудырды. Бұл нота Европадағы коллективтік хауіпсіздік, біртүлік және бейбітшілік проблемаларын осы сессияда зерттеудің нақты негізі болып табылады.

Донини бұдан кейін былай деп көрсетті: кәзір бейбітшілікті жақтаушылардың міндеті коллективтік хауіпсіздік системасын құруға жету үшін жұртшылық пікірін жұмылдыру, бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының күштерін ғана емес, сонымен бірге олармен қатар жұмыс істеп отырған күштерді де жұмылдыру мүмкіндіктерінің бәрін қарауда болып отыр. Кәзіргі сессияның орталық буындағы проблемасы Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік проблемасы болуға тиіс, өйткені барлық басқа проблемалар осы проблеманы шешуге байланысты. Бір шешуге ойнау қалып, оқиғалардың барысын байқап қана тұруға болмайды. Барлық істі өз бетімен жіберуге болмайды. Келіссөздер үшін күрес жүргізу қажет.

Чехословакияның премьер-министрі Вильям Широкийдің радио арқылы сөз сөйлеуі

ПРАГА, 17 ноябрь. (СОТА). Совет үкметінің Европалық елдер мен АҚШ-қа жолдаған нотасында жасалған оның жаңа бейбітшілік ұсыныстары туралы мәселе жөнінде кешке кешкілікте радио арқылы сөз сөйлеп, Чехословак үкметінің көз баяндап берген Чехословакияның премьер-министрі Вильям Широкий Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру соғыс қатерін жоюға мүмкіндік берген болар еді және Батыс Германияны ремилитарландыру жолына мызғамас кедергі қойған болар еді деп ерекше атап көрсетті.

«Европалық қорғаныс бірлестігінің» жүзегенің, соның нәтижесінде барлық европалық проблемалар мен герман мәселесін келісу негізінде барлық европалық халықтардың мүдделері үшін шешуге қолайлы жағдай тудырылғанын атап көрсетіп, Вильям Широкий бұдан кейін былай деді: «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясатты жақтаушылардың Батыс Германияны ремилитарландыру бағытын жақтаушылардың тарихтың сабақтарымен және кәзіргі шындықпен саясатты қолдайды. Олар өздерінің барлық күшін, барлық құралдарын таяудағы уақытта жаңа программа, жаңа шарт жасауға бағыттап отыр, өйткені, мұндай программа мен шарт кәзірдің өзінде беделден айырылған «европалық қорғаныс бірлестігінің» халық бұқарасын алдау мақсатын көздейтін басқана термемен ауыстырған болар еді. Париж келісімдерінің негізгі мәні, деді Широкий бұдан кейін, Европа мен бүкіл дүние жүзінде шиеленісті қайтадан ұшықтыру да, Батыс Германияны Европадағы соғыстың ошағына, агрессия базасына айналдыруда, халықтарды жаңа соғысқа қиліктіруде болып отыр. Париж келісімдері батыс державалары алған халықаралық договордағы міндеттемелерді мейлінше өрескелдікпен бұзуда. Бұл келісімдер ССРО мен Англия және ССРО мен Франция арасында жасалған екі жақты келісімдерге қайшы келіп отыр.

Агрессияшы неміс вермахтың құруға және жаңа соғыс әзірлеуге бағытталған Париж келісімдерінің түпкі сырына тоқтай келіп, В. Широкий Батыс Германияда соғысқа жанталаса әзірленудің барған сайын күшейтіліп жатқанын атап көрсетті.

Мұның өзі, деді Широкий, барлық европалық халықтардың хауіпсіздігіне төнген тікелей қатер болып табылады, өйткені, герман империалистері барлық европалық халықтардың, соның ішінде неміс халқының да бұл ежелгі қас жаулары — Париж келісімдері жүзеге асырылған күнде жашай қырып-жоятын атом бомбалары сияқты қарумен бақайшағына дейін қаруланған соққы беруші күшті, «вермахты» өз қолдарына қайтадан алған болар еді.

Чехословак халқы, деді шешен бұдан кейін, герман милитаризмінің шыр кескінін жақсы біледі, ол оның зұлымдығын

орасан үлкен державасы — Қытай Халық Республикасы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы 100 миллиондаған күрескерлер біздің жағымызда болып отыр.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі мызғамас берік және түпкілікті қамтамасыз етілген, сондықтан да біздің халқымыз ешқандай қатерден титтей де қорқып отырған жоқ.

Чехословак халқы кейбір батыс мемлекеттері түскен бағытты асқан алуызымен қабылдамай тастайды, өйткені, Париж келісімдерін жүзеге асырудың мәнісі — кешкілікте берілген, біздің халқымызға өшпенді, бақайшағына дейін қаруланған жаңа «вермахт» біздің отанымызбен тікелей көршілес жерде тұрған болар еді деген сөз.

Чехословак республикасының үкметі, — деп атап көрсетті В. Широкий, — егер істің жайы Батыс Германияны қаруландыру туралы келісімді жүзеге асыруға келіп тірелген күнде, өзінің барлық одақтастарымен, достарымен келісе отырып және олармен бірлесіп отырып, өзінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және күшейтуге қажетті шаралардың бәрін қолданатынын мейлінше батыл мәлімдейді.

Чехословак үкметі былай деп санайды: Европаның дамуын шиеленісті ұшықтыру жолына түсірілмей, қайта мұның келісініне, шиеленісті бәсеңдету жолына түсірілуі үшін барлық шараларды қолдану — барлық европалық халықтардың міндеті. Герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеуге, европалық мемлекеттердің хауіпсіздігін нығайтуға, сөйтіп, европалық халықтар бір-біріне қарсы күреске қанға тұншықтырылған жағдайдың енді ешқуақытта да қайта тудырылмауына барлық европалық мемлекеттер бар ынтымақпен мүдделі болып отыр.

Европада коллективтік хауіпсіздіктің нәрменді системасын құрудың бірден-бір дұрыс жол болып табылатынын да күмән болмауға тиіс, бұл система агрессияға қарсы өзара көмектесу, үлкенді-кішілі мемлекеттердің мүдделерін өзара күрметтеу негізінде, олардың тең праволылығы негізінде құрылуға тиіс. Сондықтан чехословак үкметі «коллективтік хауіпсіздік» туралы жалпыевропалық договор жасау жайындағы Совет Одағы үкметінің ұсынысын әуел бастан-ақ толығымен қолдап келді, бұл договор герман проблемасын бейбітшілік негізінде шешуге, сонымен қатар барлық елдер арасында өзара бейбіт қатынастарды кеңінен өркендетуге қажетті жағдай тудыруға тиіс.

Бейбітшілік совет ұсыныстарын Европа мен бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік халықтары қолдағанына қарамастан, батыс державаларының бұл ұсыныстарды талай рет қабылдамай қойғанын көрсете келіп, В. Широкий былай деді:

бұл жағдайда Чехословак Республикасының үкметі, чехословак халқының өркін білдіре отырып, 29 ноябрьде Москвада немесе Парижде Европада коллектив-

СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ 1954 ЖЫЛҒЫ 13 НОЯБРЬДЕГІ НОТАСЫНА РУМЫН ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКМЕТІНІҢ ЖАУАБЫ

БУХАРЕСТ, 16 ноябрь. (СОТА). Румын телеграф агенттігі Совет Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Румын Халық Республикасының жауап нотасының текетін хабарлады. Жауап нотада былай делінген:

«Румын Халық Республикасының үкметі Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде 29 ноябрьде Москвада немесе Парижде жалпыевропалық кеңес шақыру жайындағы Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің нотасын алғанын растайды.

Румын Халық Республикасының үкметі, Германияны милитарландыру, батыс-германиялық қарулы күштер құру және Батыс Германияны кейбір мемлекеттердің соғыс топтарына, мысалы, батыс-европалық одаққа және Солтүстік-атлантикалық блокқа енгізу туралы Лондон мен Париж келісімдеріне қол қойылуы салдарынан Европада туған қатердің елеулі екендігін айтқан Совет Үкметінің пікіріне қосылды. Жалпыға бірдей бейбітшілік мүдделеріне және барлық европалық халықтардың, соның ішінде герман халқының да мүдделеріне қайшы келетін бұл келісімдерді жүзеге асыру европалық мемлекеттер арасында қатынастарды шиеленістіруге, жанталаса қарулануды материалдық және мәдени қазыналарды құртатын жаңа соғыс қатерін күшейтуге сөзсіз әкеліп соқтырады.

Румыния соңғы 40 жылдың ішінде Европада агрессиялық блоктар құрудың бүліншілік тудырған зардаптарынан және герман милитаризмін қайта тудыру саясатынан екі рет апатқа ұшырады. Міне сондықтан Румын Халық Республикасының үкметі Европада бейбітшілікті қолдау және коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасын румын халқы үшін, сондай-ақ Европаның басқа да халықтары үшін өмірлік маңызы бар проблема деп санайды.

Румын Халық Республикасының үкметі бұған жол бермеу үшін Европада коллективтік хауіпсіздік системасын Европаның үлкенді-кішілі барлық мемлекеттерінің заңды мүдделерін еске алатын және барлық европалық мемлекеттер, өздерінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, қатысуға тиіс болатын системасын құру жөнінде шаралар қолданылсын деген ССРО Үкметінің пікіріне толығымен қосылды.

Сондықтан Румын Халық Республикасының үкметі Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру проблемасын шешуге тиісті кеңеске, — Совет Үкметінің нотасында тезінен шақырылсын деп ұсынылған және мұны тілейтін барлық европалық мемлекеттер, сондай-ақ АҚШ та қатысуға тиіс болатын кеңеске қатысуға өзінің әзір екенін мәлімдейді және Қытай Халық Республикасының бұл кеңеске өзінің байқаушысын жібергені дұрыс болады деп санайды.

Румын Халық Республикасының үкметі жоғарыда аталған кеңестің 29 ноябрьде Москвада немесе Парижде өткізілетін

риж келісімдеріне тоқталып, бұл келісімдердің тым айдын белгіленген мақсаты бар деп көрсетті. Бұл келісімдер, деді До-нини, Европа мен Германияны бөлшектенуді қалпында сақтауға, Батыс Герма-нияны қаруландыруға, халықтарды атом қырғынына ұшырату және цивилизация-ны құрту қатерін тудыруға бағытталып отыр. Доинни Францияның халқы мен парламенті қабылдамай тастаған «Евро-палық қорғаныс бірлестігі» туралы дого-вордың кейбір ережелерінің жоғарыда аталған келісімдерде сол қалпында келті-ріліп отырғандығының «дипломатиялық және саяси тұрғыдан қарағанда мүлде қыйыссыз» екендігіне назар аударды. Жаңа «батысевропалық одаққа» қатысу-шы елдер атлантикалық командование-нің қарамағына беруге тиіс болатын және жаңадан құрылатын армиялардың санын белгілейтін протоколды дәлелге келтіріп, Доинни былай деп атап көрсетті: Лондон мен Париж келісімдері елдердің ішкі тұр-мысының ең сығайы және күрделі про-блемаларын шешуге шетелдің араласуына әкеліп соқтырады. Мынаны айтсақ та жеткілікті: Атлантикалық одақтың қару-лы күштерінің бас команданысы ге-нерал Гронтер «батысевропалық одақ-тың» қарулы күштеріне басшылық ете-тін болады. Оның бұл одаққа қатысушы елдердің қарулы күштерін тексеруге жө-не бақылауға пәрасы болады және тіпті бұл елдердің ішкі тұрмысына тікелей араласуға пәрасы болады. Сонымен, Лон-дон мен Париж келісімдері негізінде, еш-қандай демократиялық бақылауға бағын-байтын және елдер тұрмысының соғыс

ру қауіп жаңадан арта түскен бірқатар қауіптер тудырды. Бұл келісімдер Герма-нияның бөлшектелуін қалпында сақтай-ды, бұрынғы гитлершіл генералдар ба-қаратын кешкілік армияны қайта ту-дырады. Бұл келісімдер Еуропаның орт-алығында еркін және бейбітшілік герман мемлекетін құруға жол бермейді. Бұл келі-сімдер Европада коллективтік қауіпсіз-діктің жалпы системасын құруға кедергі болып табылады. Ал бұл системаға үл-кенді-кішілі елдер түгел қатысқан болар еді. Ақырында, бұл келісімдер бүкіл дү-ние жүзін блоктарға бөлшектенуді баянды етеді. Бұл келісімдер дүниежүзілік екін-ші соғыс кезінде және соғыстың аяқ ке-зінде жасалған кейбір договорларға, атап айтқанда, Совет Одағы, Франция және Англия арасындағы договорларға қайшы келеді.

Лондон мен Париж келісімдері, договор-лары, протоколдары, деді Доинни бұдан кейін, мүлдем елдердің парламенттерінің бекітуіне тапсырылған. Бұл елдердің үк-меттері осы келісімдерді бекітіруге асы-ғып отыр деген сөздер айтылуда. Бірақ бұл асығыстық нақты мүмкіндіктерге сәй-келмейді. Бұл бекіту дәуісиз, оған жол бермеуге болмайды деп ойлау дұрыс емес. Францияда, Италияда, тіпті Германияның өзінде, Аденауэр коалициясының ішінде және социал-демократтар арасында да батыссыздық, ауытқушылық байқалуда. Мәнінше, бұл ауытқушылық жуырда АҚШ-та болған сайлаудың нәтижелеріне де әсерін тигізді деп ойлаймын. Халық күштерінің бейбітшілік жолындағы кү-ресте жеңіске жетуі мүмкін, мұның өзін

тұда. Бірақ біз Германияны қаруландыру туралы және оны қарусыздандыру тура-лы, бірінші туралы және бөлшектелу ту-ралы, бейбітшілік туралы және соғыс туралы қатарласқан сөздер айтылатын-дай келіссөздерді тілемейміз. Біз герман мәселесі жөнінде төрт ұлы державаның арасында және Европадағы қауіпсіздік туралы барлық европалық мемлекеттер арасында келіссөздердің қатарласа жүргі-зуді тілейміз. Келіссөздер кезінен-кез басталуға тиіс. Бұл келіссөздер принци-пін Азияда соғыстар болып жатқан кез-де талап етпейміз. Қазір бұл жеткіліксіз. Енді орталық проблемадан —Европадағы коллективтік қауіпсіздік проблемасынан басталатын дереу келіссөздер жүргізу принципі талап ету керек.

Доинни қорытындысында былай деді: ең жақсы жолдар табу және Совет Одағы ұсынып отырған кеңесті шақыруға жету үшін, сонымен қатар Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге жол бермеу үшін Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің бұдан бұрынғы сессияларының жұмыс тәжірибесін еске алу қажет. Коллективтік қауіпсіздік системасын құру жолындағы бұл күреске бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының күштерін ғана емес, со-ныңмен бірге бұл қозғалысты қолдауға әзір отырған күштерді де жұмылдыру керек.

Европада коллективтік қауіпсіздік сис-темасын құру жолында, герман проблема-сын бейбітшілікпен шешу жолында күре-су үшін барлық елдердегі барлық күш-терді жұмылдыру қажет.

Осы жылғы 29 ноябрьде жалпыевропалық кеңес шақыру жөніндегі ССРО-ның ұсынысы туралы Поляк Халық Республикасы үкметінің мәлімдемесі

ВАРШАВА, 17 ноябрь. (СОТА). Поляк Халық Республикасының үкметі Евро-падағы коллективтік қауіпсіздік мәселесі жөнінде 29 ноябрьде кеңес шақыру жа-йында ССРО Үкметінен консултық алысудың барысында білдірілген пози-цияға сәйкес мынаны мәлімдейді: Поляк халқы, басқа да европалық хал-ықтар сыяқты, Лондон мен Париж келі-сімдерінен туатын елеулі қатерді көріп отыр, ал бұл келісімдердің түпкі мәні бұ-рынғы гитлершіл генералдардың басшы-лығымен батысгерманиялық вермахтты қайта тудыруда болып отыр. Мұның өзі барлық европалық халықтардың, әсіресе Германиямен көршілес халықтардың қау-іпсіздігіне қатер төндіретін әрекет бол-ған болар еді.

Гитлершіл басқыншылардың әрекеті-нің салдарынан социалдық көп адамдары-нан айырылған, материалдық және мәде-ни қазнасынан айырылған поляк халқы агрессияның герман милитаризмінің қай-та тудырылуына немқұрайды қарап оты-ра алмайды.

Тағудағы уақытта кейбір батысевро-палық елдердің парламенттері алдына герман милитаризмін жаңадан қаруланды-руды көздейтін келісімдер туралы мәселе

қойылатын болып отырған кезде, бейбіт-шілік пен европалық қауіпсіздікке төнген қатерге жол бермеу үшін елеулі шаралар қолдануды кешкітіруге болмайды.

Поляк Халық Республикасының үкметі ұлы державалардың және Германиямен көршілес мемлекеттердің үкметтеріне сая-рет хат жолдап, Европада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және герман проблема-сын бейбітшілікпен реттеуге жеткізетін жолдарды табуға шақырған болатын. Осы жылғы 9 марттағы және осы жылғы 8 августтағы мәлімдемелерінде Поляк Халық Республикасының үкметі Совет Одағы ұсынған Европадағы коллективтік қауіп-сіздік идеясын өзінің қызу қолдайтынын білдірді.

Өз халықтарының тағдыры үшін жа-уап беретін европалық мемлекеттердің үкметтері мен парламенттері европалық мәселелерді өздерінің бейбітшілікпен ше-шуді жақтайтынын немесе жақтамайтын-дығын және мұны Европадағы коллектив-тік қауіпсіздік туралы мәселеге арналған кеңес шақыру жайындағы ұсынысты қа-былдау жолымен дәлелден бере алатынын немесе бере алмайтынын шешуге тиіс. Мұны кешірудің ешнәрсенен ақтауға болмайды, өйткені Париж келісімдерін бе-

кіту елеулі жағдай тудырып, оның зар-даптары Европаның тағдыры үшін қауіп-ті болған болар еді.

Егер Париж келісімдерін бекіту сал-дарынан герман милитаризмін қайта ту-дыру жоспарлары жүзеге асырыла бастайтын болса, Поляк Халық Республика-сы үкметінің басқа үкметтермен бірлесіп отырып, өзінің қорғанысы мен қауіпсіз-дігін нығайтуға бағытталған шаралар қолдану туралы мәселе қарауға мәжбүр болатыны мүлде айқын. Сонда мұндай жағдайдың туғаны үшін жауапкершілік агрессияның герман милитаризмін қал-пына келтіруге көмектескен мемлекеттер-ге толығымен жүктелген болар еді.

Поляк Халық Республикасының үкметі былай деп санайды: Европадағы кол-лективтік қауіпсіздік туралы мәселе жө-нінде осы жылғы 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда жалпыевропалық кеңес шақыру жайында ССРО Үкметінің осы жылғы 13 ноябрьдегі нотасында жасалған ұсыныс герман проблемасын бейбіт не-гізде шешумен және халықаралық бейбіт ыстымақты нығайтумен байланысты мә-селелерді реттеуге нақты мүмкіндік ту-дырып отыр.

Бәрі де шынында күмәнді екеніне біздің өз тәжірибемізде көзіміз айқын жетті. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін, герман армиясының қару-жарағы мен саяси мөлшері туралы әңгіме болған кезде кешкіліктер берілген болатын. Шек-аралар жайында салтанатты кешкіліктер беріліп, өзара тиіспеу туралы мәлімдемелер жасалған болатын. Бірақ герман мил-итаризмі агрессиялық мақсаттарын жү-зеге асырған кезде, бұл кешкіліктердің бәрі кедергі бола алмағанын оқиғалар-дың барысы көрсетті. Мұның ішінде, бұл кешкіліктер герман милитаризміне берілген бүркеншік қана болды.

Өзінің тамаша отанының төуелсіздігі мен бостандығын қорғау үшін, деп мә-лімдеді В. Широкий, чехословак халқы-ның қажетті мүмкіндіктерінің бәрі бар. Оның мықтап өркендеген өнеркәсібі бар. Өз елінің бейбітшілігі мен қауіпсіздігі мәселелерінде біздің бүкіл халқымыз мо-ральдық және саяси жағынан біртұтас топтасып, жалынды патриотизм сезіміне бөленіп, өзінің туған еліне жалынды сүй-іспеншілігін білдіріп отыр. Дүние жүзі-нің жауатты державасы —Советтік Соци-алистік Республикалар Одағы біздің одақ-таспымыз және ең жақсы досымыз болып табылады. Европадағы халықтық-демо-кратиялық мемлекеттер біздің одақта-сымыз болып табылады.

Дүние жүзінің 600 миллион халқы бар

13 ноябрьдегі Совет нотасына Болгар Үкметінің жауап нотасы

СОФИЯ, 17 ноябрь. (СОТА). Бүгін бол-гар газеттері Европада коллективтік қау-іпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде барлық европалық мемлекеттер мен АҚШ-тың кеңесін шақыру жайындағы Совет Одағы Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде Софиядағы совет елшілігіне тапсырылған Болгар Халық Республикасы үкметінің жауап нотасын жариялады. Болгарияның жауап нотасында былай делінген:

Батыс Германияны қайтадан қарулан-дыру және оны Батыс Европада жаңадан құрылып жатқан соғыс тобы мен агрес-сиялық атлантикалық блокке қатыстыру туралы 9 мемлекеттің Лондон мен Па-риждағы кеңестерінің қарарлары Евро-пада бейбітшілікке елеулі қатер туғыза-ды. Бұл қарарлардың жүзеге асырылуы Германияны бейбітшілік сүйгіп және де-мократиялық негізде біріктіруге мүмкін-дік бермейді, ал Европаның бір халықтар-ын басқа халықтарына қарама-қарсы қою, халықаралық қатынастардағы ши-еленісті күшейтіп, Европада жаңа соғыс-тың қауіпін арттыра түседі.

НАГИБТИҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ ЖАЙЫНДА

БАИР, 18 ноябрь. (СОТА). Газеттердің хабарлауына қарағанда, елдегі жоғарғы өкмет қолында тұрған «Бастаушы» рево-люциялық совет» генерал Нагибтің рес-

мәселе жөнінде, АҚШ-ты да қатыстыра отырып, бұған қатысқысы келетін бар-лық европалық мемлекеттердің кеңесін шақыру жайындағы Совет Одағының ұсынысын қуанышпен құттықтайды және қолдайды.

Бүкіл чехословак халқы жаңа Совет ұсынысын қуанышпен құттықтап қарсы алды, өйткені ол бұл ұсыныстан кәзіргі қыйын жағдайдан шығудың нақты жо-лын, халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдетудің, Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтудың нақты жолын көріп отыр.

Чехословак үкметі барлық европалық мемлекеттердің бейбітшілігі мен қауіпсіз-дігін қамтамасыз ету мүдделері Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы мәселе талқылау үшін 29 но-ябрьде Москвада немесе Парижда европа-лық мемлекеттердің кеңесін шақыруды сөзсіз талап етеді деген позицияны ұстап отыр. Келіссөздерді қандай да болса кеші-руіне жол беруге болмайды, өйткені, мұның өзі Европада жалпы жағдай-ды қыйындатқан болар еді.

Чехословак үкметі, деді В. Широкий қорытындысында, барлық европалық мем-лекеттерге талапты тілек қойып, 29 но-ябрьдегі кеңестің Европада бейбітшілік пен қауіпсіздікке жол ашатын шын мә-нісіндегі жалпыевропалық кеңеске айна-латын болуына көмектесуге шақырады.

Лондон мен Париж келісімдері болгар халқының елеулі қауіптенуін тудырып отыр, ал ол біртұтас, демократиялық және бейбітшілік герман мемлекетін орнату және Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру Европаның бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың және нығайтудың басты шарты болып табыла-ды деп мәлім сенуде.

Болгар халқының түбірлі мүдделеріне сүйене отырып, Болгар Халық Респу-бликасының үкметі Лондон мен Париж келі-сімдеріне батыл қарсы шығады. Өзінің дәйекті бейбітшіл саясатынан айнымай-тын Болгар Халық Республикасының үк-меті 1954 жылғы 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы мә-селе жөнінде бұған қатысқысы келетін барлық европалық мемлекеттердің, сон-дай-ақ АҚШ-тың кеңесін шақыру жа-йында ССРО Үкметінің осы жылғы но-ябрьдегі нотасында жасалған оның ұсы-нысын мақұлдап қарсы алады және өзі-нің бұл кеңеске қатысатынын мәлімдейді.

публика президентігінен түсуіне байла-ныты, «республика президенті полномо-чиелігін министрлер советіне тапсыр-ған».

НЕРУ ӨЗІНІҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА БАРҒАН САПАРЫ ТУРАЛЫ

ДЕЛИ, 18 ноябрь. (СОТА). «Хиндустан стандарт» газетінің жазуына қарағанда, Индияның премьер-министрі Неру 17 ноябрьде индиялық ұлттық конгресс пар-тиясы парламент фракциясының мүшеле-рі алдында сөз сөйлеп, былай деген: оның Қытай Халық Республикасына ар-нап баруы және Чжоу Эн-лайдың Ин-дияға келуі Азиядағы бұл екі ұлы ел арасының жақындасуына көмектесті. Не-ру бұл екі елдің арасындағы достық тек Азияда ғана емес, сонымен бірге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға кө-мектесетіндігіне сенетіндігін айтты.

Неру, деп жазады бұдан өрі «Хинду-стан стандарт» газеті, өзінің Чжоу Эн-лаймен бірлесіп жасаған мәлімдемесіндегі бес принципті маңызын тағы да атап көрсетті, өйткені бұл принциптер екі мың мильдік ортақ шекарасы бар елдер-дің арасындағы қатынастарды реттейді.

Тайвань туралы мәселеге тоқтай келіп, Индияның премьер-министрі қытай хал-қының Тайвань жөнінде белгілі көзқара-сы бар екенін айтты. Ол сол сыяқты, бұрынғы халықаралық келісімнің Тай-ваньның Қытайға жататындығын таны-ғандығын айтты.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»
Сеанстар сағат 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ОН ҮШ»
Сеанстар сағат 4-30 және 6-30-да басталады.

«КОМЕДИАНТТАР»
Сеанстар сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

«Облпромтехснабсыт» мекемесіне түпкілікті жұмысқа әр түрлі маман-дықтағы жұмысшылар КЕРЕК. Ең-бекақы смета бойынша төленеді. АДРЕС: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 56-үй.

«Ленин туы» газеті редакциясына тез арада түнгі уақытта хат тасушы КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша төленеді. АДРЕС: Петренев көшесі, 92-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және насихат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02709. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.